For this purpose, specially developed and approved clinical cases were used with the analysis of patients’ problems, followed by discussion of diagnostic steps to substantiate the clinical diagnosis. The teacher is an expert, unlike the traditional method of teaching. The teacher is assigned the role of an expert on the problem under discussion, as well as the role of the consultant in the performance of the group task.

Results of the study. At the beginning of the lesson 7th course interns were tested for knowledge of this material, through a test questionnaire of the so-called “assessment test” for individual readiness. The results of testing were recorded in an electronic journal individually for each intern.

ment test” for individual readiness. The results of testing were recorded in an electronic journal individually for each intern.

After the individual testing, a team test was conducted, the so-called “group test”. An evaluation test of group preparedness was aimed at discussing the same issues with the adoption of a general group decision. This is a very important moment for the development of group responsibility and teamwork skills. The results of these two tests were summed up, both in individual relations and in group ones, both of which reflected the level of preparedness of the students.

The results of “group test” were recorded in the electronic journal, one result for all team members. The time for holding the “assessment test” and “group test” was worked out at the discretion of the department, depended on the number of test assignments. The recommended number of tests is 10. Test tasks corresponded to the topic of the lesson, and as much as possible covered the volume of the topic studied. Questions for testing were drawn up so that all students were involved in the discussion. After the independent preparation of students, the analysis of the clinical case continued. Creation and management of students’ activities on the independent solution of clinical problems.

At the Department of Surgical Diseases No. 2, the method of team - based instruction is widely used in practical classes for interns of 6-7 years of study. The introduction report is made. TBL promotes the active attraction of students to the process of meaningful, motivated, conscious learning. Independent search for solutions develops a sense of responsibility, interest in the learning process.

Thus, in the team - based method (TBL), the role

of the instructor is to encourage active discussion of the problem, to ensure the complementary work of students, to ensure the possibility of obtaining information correspondences, and supporting the “channel” of discussion.

The results were put on the ball-rating system.

The maximum digital equivalent is 4.0 (A).

At the end of the lesson, evaluation sheets and feedback sheets were distributed, where students gave a high appraisal of this lesson, expressed their opinion about the occupation and expressed a desire to have more such classes, as the use of the clinical situation makes it possible to feel the importance and responsibility of the chosen specialty.

Conclusions. Thus, the team- based method, combin-

ing the advantages of individual and collective learning, allows not only to realize the concept of guided self-study, but also to achieve a high level of clinical competence.

Literature:

1. Teleuov M.K. Dosmagambetova RS “Experience in the implementation of integrated learning, challenges and prospects” Karaganda 2011;3-16.
2. Artyukhina A.I., Chumakov V.I. Interactive methods of teaching in a medical college: Textbook. Volgograd 2011;
3. Omarova K.P., Kim S.V., Zharmakhanova G.M. Command-oriented method of instruction (TBL-Team-Based Learning). Aktobe 2011;

ТҮЙІН

Б.М. МУХАМЕДГАЛИЕВА, Р.Е. НУРГАЛИЕВА,
У.Г. КАРСАКБАЕВ, Е.М. ИЗТЛЕУОВ,
А.Ф. КОНОНЕНКО, А.А. ЕЛЕМЕСОВ

ИНТЕРН-ХИРУРГТЕРДІ ДАЙЫНДАУДА КОМАНДАЛЫҚ-БАҒДАРЛАНҒАН ОҚЫТУДЫ ӘДІС РЕТІНДЕ ҚОЛДАНУ

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік медицина университеті,
Ақтөбе, Қазақстан

Мақалада командалық-бағдарланған әдіс жеке және ұжымдық оқытудың артықшылықтарын біріктіре отырып, бізді өздігінен оқуға бағытталған тұжырымдамасын ғана емес, сонымен қатар клиникалық құзыреттіліктің жоғарғы деңгейіне жетуге мүмкіндік беретіндігі жөнінде талданды.

Негізгі сөздер: инновациялық технология, команда құру, аудиториядан тыс дайындық, коммуникативті құзіреттілік, кері байланыс.

РЕЗЮМЕ

Б.М. МУХАМЕДГАЛИЕВА, Р.Е. НУРГАЛИЕВА,
У.Г. КАРСАКБАЕВ, Е.М. ИЗТЛЕУОВ,
А.Ф. КОНОНЕНКО, А.А. ЕЛЕМЕСОВ

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КОМАНДНО-ОРИЕНТИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ КАК МЕТОДА В ПОДГОТОВКЕ ИНТЕРНОВ-ХИРУРГОВ

Западно-Казахстанский государственный
медицинский университет имени Марата Оспанова,
Ақтөбе, Казахстан

Командно-ориентированный метод, объединяя преимущества индивидуального и коллективного обучения, позволяет не только реализовать концепцию направляемого самообучения, но и достичь высокого уровня клинической компетентности.

Ключевые слова: инновационные технологии, формирование команды, внеаудиторная подготовка, коммуникативная компетенция, обратная связь.

УДК 616-053.2:378.147

МРНТИ 14.35, 76.29.47

Қ.Б. АБДРАХМАНОВ, Ж.Б. ДОСИМОВ, М.А. МАМЫРБАЕВА, Ж.Х. ИСАНГУЖИНА

МЕДИЦИНАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТТЕРДЕ ПЕДИАТРИЯНЫ ОҚЫТУДАҒЫ КОММУНИКАТИВТІ ДАҒДЫЛАР

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Қазіргі кезде медициналық университеттерде студенттерді оқыту мен тәрбие жұмысын жүргізу барысында болашақ педиатрларды дайындаудағы медициналық білім берудің басты ажыратылмайтын бөлігі – коммуникативті дағдыларға көп көңіл бөлінеді. Мақалада болашақ дәрігер педиатрдың науқас балалармен, олардың ата-аналарымен, туыскандарымен және жұмысындағы әріптестерімен қарым-қатынастарының негізгі ұстанымдары мен жолдары берілген. Студенттердің клиникалық ой-өрісін жан-жақты дамыту мақсатында нақты жағдайлардың мысалында, әбден толық коммуникативті дағдыларды меңгерудің және пайдаланудың сатылары жазылған.

Негізгі сөздер: коммуникативті дағдыларды оқыту, балалар, педиатрия.

Медицина университетінде студенттерге білім беру және тәрбие жұмысын жүргізу барысында дәрігерлік жалпы этика мәселелерінің құрамдас бөлігі болып саналатын коммуникативті дағдыларға көп көңіл бөлінеді [1,2,3]. Университетте оқып, дәрігерлік диплом алғанға дейін студент коммуникативті дағдылардың негізгі ұстанымдары – науқаспен, олардың туысқандарымен, мамандығы бойынша әріптестерімен қарым-қатынастың ережелерін ұқыпты және жан-жақты меңгеруі керек. Дәрігердің мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, көңіл-күйі және сөйлеген сөздері, науқастар мен жан-жағындағы адамдардың оған деген белгілі бір пікірдің және көзқарастың қалыптасуына, сондай-ақ науқастағы аурудың өтуіне және онық ақырына өзіндік ықпал етеді. Осы аталған ұстанымдарды қалыптастыру педиатрияда өте маңызды болып есептеледі, өйткені педиатр отбасындағы өте қымбатты мүше – балаларды емдейді. Балалардың ата-анасының және туысқандарының сеніміне кіріп, жақсы деңгейде қарым-қатынасты қалыптастыру – өте күрделі іс, соған қарамастан өте қажетті әрекет [4,5,6].

Педиатр өзінің жұмысының барысында көптеген түрткілерге тәуелді, атап айтқанда науқас баланың тегіне, организмнің конституциясын, отбасындағы қалыптасқан әдет-ғұрыпқа байланысты туындайтын бала организмінің жекелеген ерекшеліктерімен кездесуге тура келеді. Осындай ерекшеліктерді бағалау және сол ерекшеліктердің аурудың өту барысымен байланысын анықтау, дәрігердің ойлау қабілетінің жоғары болуын талап етеді. Сондықтан университет қабырғасында өзінің кәсіби мамандығын меңгеру барысында студенттен дәрігерлік ойлау қабілетті дамытып, шыңдауды талап ету – заңды құбылыс.

Жалпыға белгілі дәрігер мамандығы – өте ізгілікті, сонымен қатар нағыз жауапты мамандық, өйткені тек дәрігерге ғана науқастың және дені сау адамның жеке өміріне араласуға кәсіби тұрғыдан құқық берілген. Осыған байланысты дәрігердің негізгі міндеті – адамдарға сүйіспеншілікпен қарау. Сондықтан университеттің профессорлық-оқытушылар құрамы алғашқы жылдардан бастап студенттердің ынта-ықыласы мен бейімделгіштігіне жан-жақты көңіл аударуы керек, әсіресе студенттердің оқытушының бақылауымен өтетін практикалық сабақтарда, өзбетімен жұмысының барысында. Жоғарғы курстарда, әсіресе интернатураны өту барысында науқас балаларды курациялау кезінде оқытушы оларды мұқият қадағалау керек, сонымен қатар коммуникативті дағдыларға және тәжірибелік кәсіби дағдыларға дұрыс көңіл бөлмейтін интерндерді курацияға берілген науқастардың алғашқы диагнозын, саралау диагностикасын және емдеу ұстанымдары

бойынша талқылауға мейлінше белсенді араластырып тарту, басқаша айтқанда сол өзі курациялаған баланың тағдырына барынша көңіл аударуын қамтамасыз ету.

Студенттерге осылармен бірге болашақ дәрігерлік кәсіби мамандығына деген сүйіспеншілікті дамыту керек. Осы тұрғыдан кәсіби педиатр мамандығына деген сүйіспеншілікті дарыту, әсіресе «Жалпы медицина» факультетінің 1-5 курс студенттерімен, университеттің педиатриялық кафедралары оқытушы-профессорлар құрамының оқу үдерісінен тыс кезеңдерде түрлі формадағы (дөңгелек үстелдер, жатаханалардағы кафедра сағаттары, педиатрия мамандығының ардагерлерімен және профессорлармен кездесу және т.б.) тәрбие жұмысын жүргізу өте маңызды және нәтижелі болып келеді. Осы бағытта кәсіби педиатр мамандығына деген сүйіспеншілікті арттырудың нәтижелі жолдарының бірі университетте жолға қойылып, көп жылдардан бері қалыптасқан эдвайзерлік қызметте. Осы қызметтің кәсіби мамандықты таңдауда атқаратын рөлі өте зор. Өзінің мамандығына деген сүйіспеншілікті, қандай да бір шығармашылық талпынысты қажет ететін шарт деп қарастыру керек, өйткені дәрігер болу үнемі кәсіби дағдыларды және білімді жетілдіруді талап етеді. Сонымен бірге сол мамандықты шынайы құрметтемесе, кәсіби мамандыққа деген нағыз сүйіспеншілік туындамайды.

Студенттерді педиатриялық кафедраларда оқыту барысында дәрігер мамандығына деген сүйіспеншілікке және оны құрметтеуге тәрбиелеу басқа кафедралармен салыстырғанда өте нәтижелі болады, себебі онда олар науқас балалармен кездеседі, оларды емдеу барысында жазылып айыққанын көреді, осындай жағымды құбылыс оларға мамандықты құрметтеуге деген шынайы сезім туғызатындығы сөзсіз. Студенттердің тәрбиесі туралы сөз қозғалғанда, олардың өзінің мамандығына деген сүйіспеншілік пен оны құрметтеу туралы үнемі айтуға тура келеді, өйткені университетке қабылданған студенттердің барлығы бірдей жүрек қалауымен немесе мамандыққа деген құштарлықпен түспейді. Сондықтан дәрігерлік мамандыққа жүрек қалауымен және құштарлықпен түспеген студенттермен профессор-оқытушылар құрамы, олардың университетті бітіру қарсаңында сол сезімдердің оянып қалыптасуын қадағалау керек. Егер жас дәрігер өмірге алғашқы қадамын кәсібіне деген құштарлықсыз жасаса, ол әлеуметтік тұрғыдан жұпыны тұлға, бақытсыз болады, университет оқытушылар ұжымының жіберген кемшілігі болып саналады және болашақта науқас балаларға қауіп-қатер төнуі мүмкін.

Осы тұрғыдан адам нашар ұста (ол тұрғызған үй сапасыз), нашар журналист (ол жазған мақалалар жұртшылықтың көңілінен шықпауы), нашар

экономист (ол дұрыс қаражатты үнемдей алмайтын) болуы мүмкін, ал дәрігердің нашар, білімсіз дәрігер болуы – ол қылмыс, яғни оның іс-әрекеті науқастарды мүгедектікке, тіпті өте ауыр, науқасты өлімге дейін соқтыратын асқынуларға алып келуі ықтимал.

Дәрігер мамандығын жақсы көру, науқастар тарапынан құрметке ие болу, белгілі бір шарттарды орындағанда ғана қол жеткізуге болады. Ол үшін үнемі дәрігер өзінің кәсіби шеберлігін жетілдіру мен білімін шырдауы қажет. Студенттің науқас төсегінде өзбетімен жұмыс жасаудың дағдыларына үйренуі, ғылыми әдебиетпен жұмыс жасауы оқытушылар тарапынан күнделікті қатаң қадағаланатын оқу жүйесінің белгілі бір ұстанымына айналуы керек. Аталғандармен бірге оқытушының өзі науқастармен қарым-қатынас жасауда коммуникативті дағдыларды, медицинаның инновациялық жаңа жетістіктерін және студенттерді оқытудағы заманауи инновациялық әдістерді (TBL, CBL, «стандартталған науқас» және т.б.) меңгерген үлгілі болуы міндетті.

Университеттің «Жалпы медицина» факультетінің «Педиатрия» бағыты бойынша интернатураны өту барысында балаларға деген махаббат, олармен сенімді қарым-қатынаста болу, науқас балаға кәдімгідей жанашырлықпен қарау – оларды нәтижелі емдеуге қол жеткізетін басты фактор болып саналады. Немқұрайлық дәрігер мамандығына, әсіресе педиатрға жат құбылыс. Науқас баланы тез жазып, емдеу барысында, балаға жағымсыз, ауыртатын емдік тағайындаулар, процедуралар дәрігер тарапынан қатыгездік деп қабылданбауы керек, керісінше баланы тез айығуына бағытталған қажеттілік деп тану қажет.

Науқас баланың және оның ата-аналарының емдеуші дәрігерге сенімінің болуы – оның жұмысының табысты болуының бірден-бір кепілі. Ал сондай сенімге ие болу өте қиын міндет, оны қалыптастыру үшін университет қабырғасында оқудың алғашқы күндерінен бастап, студенттерді осындай жұмыстардың негізгі қағидаларына баулып тәрбиелеу керек. Науқасқа деген мейлінше жоғарғы деңгейде көңіл аудару, оған тұлға ретінде қарау, ата-аналарымен, туысқандарымен достық қарым-қатынаста, ілтипаттылықпен сөйлесу, дәрігерге деген сенімді арттыра түседі. Науқас балаға әсіресе 4-5 жастан асқандарға адами тұрғыдан дұрыс көңіл аудармау және сыйластықпен қарамау дәрігерге деген сенімді жоғалтуға себепкер болады.

Осындай жағдайларды студенттер ескеруі керек, өйткені интернатурада негізгі клиникалық пәндерді өткенде (курациялауда), олар науқас балалармен және олардың ата-аналарымен үнемі қарым-қатынаста болады. Бұндай қарым-қатынаста науқас балаға өтірік айтылмауы керек, өкінішке орай медицина қызметкерлері баланы жұбату немесе алаңдату үшін (мысалы, «қазір анаң барамыз деп, егу бөлмесіне

алып келу» сияқты) өтірік айтып, кейін баланың психологиялық тұрғыдан күйзеліске ұшырауына себепкер болады. Осыдан кейін, әрине балада медицина мекемесінің қызметкерлеріне және ересектерге сенімсіздік пайда болады және баланың адамдармен қарым-қатынасында, мінез-құлқында, сөйлеген сөзінде шынайылық болмауы ықтимал.

Студент, науқас баланы курациялағанда дәрігерлік құпияның ұстанымдарын сақтауға міндетті, өйткені кейбір науқас балалар өте күмәнданғыш, өзінің ауырғанына қайғырады. Сондықтан рухани күйзеліске ұшырап, аруы одан сайын күшейе түсуі ықтимал. Осыларды ескере отырып оқытушы науқастарды клиникалық талқылау барысында оның ауру туралы ескертулерге және оны болжамын анықтағанда мейлінше мұқият болу керек.

Оқытушының келбеті, оқытатын пәнін білу деңгейі, сабақ кезіндегі белсенділігі тәрбие жұмысының маңыздылығына көп ықпал етеді. Оның ұқыптылығы мен киімінің тазалығы студенттерге үлгі болып, оларда да сондай қасиеттердің қалыптасуына себепкер болады. Ескеретін жәйт, оқытушы-дәрігердің сыртқы келбеті ерекше таң қалдыратындай, көңіл аударатындай болмауы керек.

Оқытушыдан күнделікті сабаққа жан-жақты, жақсы дайындық талап етіледі. Науқас баланы клиникалық талқылау кезінде оқытушы тарапынан, асығыстық, қызбалық, науқасқа деген немқұрайлық, студенттердің алдында оның нақты жағдайды дұрыс, терең білмейтіндігі қалыптасады.

Басқа мамандарды сияқты болашақ дәрігерді де, науқас төсегінің қасында, оқу бөлмесінде, түрлі лабораториялық кабинеттерде, яғни еңбек ету арқылы тәрбиелеу керек. Атақты физиолог Клод Бернар, медицинаның мақсаты – әрекет ету, күту емес, диагноз қоюда әр уақытта қателесудің қаупі өте жоғары, бірақ одан да қауіптісі, егер науқасты емдеусіз қалдырып, өміріне қатер туғызса деген еді. Сондықтан, студенттік кезден бастап күнделікті, табанды, ынталы оқу (еңбек) арқылы жоғарғы білікті дәрігер болуға болады.

Студенттерді тәрбиелеуде олардың оқытушылармен дәріс, тәжірибелік сабақтар, семинарларда, қоғамдық және әлеуметтік шаралар, өндірістік практика кезінде үнемі қарым-қатынаста болуының маңызы өте зор. Сондықтан университеттің оқытушы-профессорлар құрамы студенттерге мамандықты меңгертуде, ал студенттер тарапынан сол мамандықты меңгеруге берілген уақытты мейлінше тиімді пайдалану керек.

Студенттерді оқытуда – оған мамандық бойынша тәлім-тәрбие берумен қатар, сондай-ақ оны дәрігерге өте қажетті – байқағыштық, ұстамдылық және мейірімділік сияқты психологиялық қасиеттерге үйретудің маңызы зор.

Қазірге кезде заманауи педиатриялық клиникалардың көпсалалы диагностикалық аспаптармен жабдықталуы, мамандарды, оның ішінде педиатрлардың сол аспаптармен тексерудің нәтижелерін талқылай алатын маман болуы талап етіледі. Дейтұрғанмен, студент медициналық университеттің қабырғасында клиникалық пәндерді өту барысында, әсіресе жоғарғы курстарда басым көпшілігі науқастарды тексерудің клиникалық тәсілдерін меңгеруге және клиникалық ойлауға үйренеді. Өйткені қандай да бір нозологиялық түр, яғни ауру әр түрлі адамдарда, соның ішінде балаларда да өзіндік ерекшеліктерімен түрліше өтуі ықтимал, осындай ерекшеліктерді білу, оны ой елегінен өткізу, студенттерде дәрігерлерше ойлау қабілетін қалыптастыруға септігін тигізеді.

Науқас балаларға диагноз қоюда аспаптық және лабораториялық тексеру әдістері, аурудың этиологиясын, патогенезін және клиникалық көріністерін растай отырып біршама көмектеседі, бірақ диагностикалау үдерісінде соңғы сөзді әр уақытта клиникалық көрініске жүгініп клиницисттер айтуы керек. Осы қағидаларды ескере отырып педиатрия бойынша студенттерді клиникалық тұрғыдан дайындау, оларды негізгі аспаптық-лабораториялық әдістерді меңгеруге үйрету қатар жүру керек. Ескеретін жәйт, аспаптық-лабораториялық әдістерді қаншалықты мәліметі болғанымен, басымдық клиникалық әдістерге берілуі қажет.

Соныменен, медицина қаншалықта жаңа, инновациялық тексеру, зерттеу әдістері арқылы алынатын ақпарат көбейіп, күрделеніп дамыса да, дәрігер қызметі сапасының негізгі сипат белгілері болып, коммуникативті дағдылардың негізгі

ұстанымдарына жауап бере алатын – дәрігердің науқаспен, оның отбасының мүшелерімен және туысқандарымен, өзара, сондай-ақ басқа да медицина қызметкерлерімен қарым-қатынаста болу шеберлігі саналады. Сондықтан, университеттің оқытушы-профессорлар құрамы студенттерді университеттің табалдырығын аттаған сәттен бастап осындай шеберлікке оқытып-үйретуі керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Асимов М.А., Нурмагамбетов С.А., Игнатъева Ю.В. Коммуникативные навыки: учебное пособие. Алматы: Эверо 2009;262:
2. Молотов-Лучанский В.Б., Мацеевская Л.Л., Цаюкова Н.А. Коммуникативные навыки: учебное пособие. Алматы: Эверо 2014;135:
3. Векленко Г.В., Ким С.В., Власова Л.Н. Интеграция коммуникативных навыков в клинические дисциплины на примере пропедевтики внутренних болезней. Медицинский журнал Западного Казахстана 2017; 56(4):62-65.
4. Сыдығалиева З.М., Кенбейлов Ж.Н., Ескалиева К.А. Роль и значение коммуникативных навыков в профессиональной подготовке врачей общей практики. Медицинский журнал Западного Казахстана 2014; 43(3):95-96.
5. Хамзина Н.К., Дербисалина Г.А., Карсакбаева Л.Ж., Койков В.В. Компетенции преподавателя медицинских организаций образования науки. Материалы III общероссийской конференции с международным участием «Медицинское образование 2012», Москва 2012;305-307.
6. Яровинский М.Я. «Медицинская этика» (биоэтика). Лекции по курсу. Москва 2001;203:

РЕЗЮМЕ

К.Б. АБДРАХМАНОВ, Ж.Б. ДОСИМОВ,
М.А. МАМЫРБАЕВА, Ж.Х. ИСАНГУЖИНА

КОММУНИКАТИВНЫЕ НАВЫКИ В ПРЕПОДАВАНИИ ПЕДИАТРИИ В МЕДИЦИНСКИХ УНИВЕРСИТЕТАХ

Западно-Казахстанский государственный
медицинский университет имени Марата Оспанова,
Актобе, Казахстан

В процессе обучения и воспитания студентов на современном этапе в медицинских университетах большое внимание уделяется коммуникативным навыкам – одной из составных частей медицинского образования в подготовке будущих педиатров. В статье приведены основные принципы и пути взаимоотношений будущего врача-педиатра с

SUMMARY

K.B. ABDRAKHMANOV, Zh.B. DOSIMOV,
M.A. MAMYRBAYEVA, Zh.Kh. ISANGUZHINA

COMMUNICATIVE SKILLS IN TEACHING PEDIATRICS IN THE MEDICAL UNIVERSITRY

West Kazakhstan Marat Ospanov
State Medical University,
Aktobe, Kazakhstan

In the process of teaching and educating students at the current stage, a great deal of attention is paid to the communication skills in medical universities. The article describes the main principles and ways of the future pediatrician's relationship with sick children, their relatives and colleagues. In specific situations, the main stages of acquiring and using communication skills for the

коллегами по работе, с больными детьми и их родственниками и. На конкретных ситуациях детально изложены основные этапы приобретения и использования коммуникативных навыков для всестороннего развития клинического мышления у студентов.

Ключевые слова: коммуникативные навыки, преподавание, дети, педиатрия.

УДК 378.147:001.895

МРНТИ 14.35.07

Ж.А. АЙБАСОВА, А.Т. КАЛДЫБАЕВА, Р.Е. НУРГАЛИЕВА, М.Ж. АЛЬМАХАНОВА,
Ф.К. БАЛМАГАМБЕТОВА

ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ «ЛАБ-ТУТОР» - ЗАМАНАУИ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында «Бізге экономикалық және қоғамдық модернизация талаптарына сәйкес қазіргі заманғы білім беру жүйесі керек және сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландыруының және инновациялануының негізіне айналуы тиіс» деп атап көрсетті.

Негізгі сөздер: инновация, Лаб-Тутор, зертхана, интерфейс, заманауи, технология, ғылыми көзқарас.

Өзектілігі. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке жағдайлар жасау, оқытудың инновациялық технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», - деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделген болатын [1].

Инновациялық технологияларды қолдану оқу процесін сапалы түрлендіруге, жаңашыл жобаларды енгізуге, оны тиімді басқаруға негіз болып, әрбір білім мекемесінде өзіндік даму жолын табуға септігін тигізеді. Сондықтан қазіргі кезеңде оқытудың инновациялық технологияларын оқу орындарының практикасына белсенді түрде енгізу – қоғам талабы. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Білім беру мазмұнын жаңарту, үздіксіз білім беру жүйесін дамыту – бүгінгі күннің талабы [2].

Егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Келешек ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде оқытушылардың инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі [3].

comprehensive development of clinical thinking among students are described in detail.

Keywords: communicative skills, teaching, children, pediatrics.

Қазақстанда ең алғаш «Инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов: «Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деген анықтаманы ұсынады.

Білім беру жүйесіндегі басым бағыттардың бірі – оқыту үрдісін технологияландыра отырып, білімнің кепілдік нәтижелеріне қол жеткізу. Әдетте, инновация бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады да, берік түрде жаңа мақсатты шешуге бағытталады, педагогикалық құбылысты үздіксіз жаңғыртуға жетелейді» [4].

ҚР Білім және ғылым министрлігінің қазіргі таңдағы білім беру ұйымдарына қойып отырған осындай талабын ескере отырып, арнайы медициналық білім беру тиімділігін арттыру мақсатында оқу процесіне оқытудың әртүрлі инновациялық әдістерін енгізу [7]. Соның бірі – Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медициналық университетінің қалыпты физиология кафедрасына сабақ берудің жоғары мүмкіншілігі мен сапалық дәрежесін көтеру мақсатында, университет әкімшілігі 2017-2018 оқу жылының басында қазіргі заманауи жаңашыл талаптарға сай LAB-TUTOR зертханасын алып берді. Қазіргі таңда кафедра оқытушылар құрамы мен кафедра лаборанттары осы аталған зертхананы өздері игеріп үйренгеннен кейін әрбір сабақта бағдарламаға сай толық көлемде

зертханалық жұмыстар өткізіп жатыр.

Зертханадағы зерттеу жұмыстарының мақсаты – орталық және перифериялық механизмдерді білу және зерттелушінің пайдалы нәтижеге жету жолдары мен жағдайларды таңдауы болып табылады. Әртүрлі тесттер, ЭЭГ, тыныс алудың кардиоритмі мен стабильнограмманы тіркеу арқылы қызмет жағдайын таңдау мүмкіндігі туады. Болашақта жүйке жүйесін, тыныс алу және жүрек қантамырлар жүйесін зерттеу барлық нәтиже қорытындысы бойынша студенттер мен мектеп оқушыларының жеке мінездемесіне сәйкес келетін оқытудың әртүрлі бағдарламасын таңдауға қолданылуы мүмкін [8].

Студенттерді тәжірибе барысында логикалық ойлау мен клиникалық шешім қабылдауға, өз бетімен тұжырым жасауға да қалыптастырып, үлкен ықпалын тигізеді [7].

Медициналық білім берудегі негізгі міндет – бәсекелестікке төтеп беретін, жан-жақты терең білімді және тәжірибе мен теорияны ұштастыра отырып, заманауи ақпараттық кеңістікте тез икемделетін маман-дәрігерлер даярлау. Сондықтан, бірлескен ақпараттық-коммуникативтік және педагогикалық технологияларды пайдалана отырып, адам ағзасындағы барлық қызметтер механизмін физиологиялық тұрғыдан талдауға толық мүмкіндік береді. Кафедра профессорлық-оқытушылар құрамының инновациялық технологияның осы аталған әдісін қолданып жасаған сабақтардың деңгейі жоғары болып, білім алушылардың есінде ұзақ сақталып, оны өз еңбек жолында сараптаманы дұрыс жасауға, әр жағдайға байыппен қарап, организмде болып жатқан барлық процестерді өзара ұштастыра білуге тәрбиелейді. Болашақта клиникалық талдау жасағанда ғылыми көзқарасты қалыптастыратыны сөзсіз [6,7].

LAB-TUTOR-зертханасына қысқаша тоқтала кетсек: онлайн-тәртiбi мен серверi бар LAB-TUTOR-4 Teaching Suite практикалық сабақтардың лабораториялық жұмыстарын жүргізуде уақытты, қажет болатын заттарды үнемдеп, оқытудың сапалы жоғары деңгейде өтуін қамтамасыз ететін күрделі цифрлық құрылғы.

Оқу процесіндегі мұндай технологияның оптималды мүмкіншіліктері:

- практикалық тапсырмалардың орындалуы кезінде адам өміріне қауіпсіз болуы;
- кездейсоқ зерттеудің болмауы;
- қажетіне байланысты экспериментті бірнеше рет қайталау мүмкіндігі;
- күрделі құрылғылар мен қымбат реактивтердің орнын толығымен ауыстыруы.

Оқу материалдарын игеру кезінде виртуалды физиология көмегімен физиологиялық процестердің механизмдерін әр студентке шынайы көрсетуге, эксперименталды модельдің «жедел тәжірибесін» бақылауға, виртуалды демонстрациямен өзіндік танысуға

мүмкіндік береді. Зертханадағы зерттеу жұмыстары функционалдық жүйе теориясының позициясы бойынша адамдардың нейрофизиологиялық және нейроиммундық мінез-құлық, т.б. механизмдерін үйренуге бағытталған.

Көрсетілімі:

Физиологияға арналған цифрлік зертхана адам организмнің қызметін зерттеу үшін арнайы датчиктермен жабдықталған.

Практикалық жұмыстар:

Жүрек-қантамырлар жүйесі, жаттығудың кардиоваскулярлық эффектісі, жаттығудың кардиореспираторлық эффектісі, қан қысымы, ішек жолында сіңірілу, вентиляция механикасы, ЭКГ және перифериялық қанайналым, ЭКГ және жүрек дыбыстары, тынысалу жүйесі, жүйке жүйесі, ас қорыту жүйесі, бұлшық ет жүйесі. Барлық жұмыстар 12 сатыдан тұрады.

LAB-TUTOR студенттерге 450-ден артық жаттығулары бар 80-ге жуық жабық түрдегі эксперименттер жасауды және POVERLAB жүйесін пайдалану арқылы дәл сол кездегі деректерді тіркеуді ұсынады. LAB-TUTOR студенттердің эксперимент хаттамасы арқылы өткізіп, игеруі және әрбір эксперименттен кейін ғылыми принциптерді түсіну деңгейін тексереді. Толық мазмұны, ыңғайлы құрылымы және өзара байланыста жұмыс жасау сипаттамасы студенттерде қызығушылық туғызады және процесті меңгеру үшін студенттер назарының жоғарылауын тұрақты түрде ұстайды [8].

LAB-TUTOR зертханалық кластарды тиімді қылады. Зертханалық жұмысқа дайындық, қалыпқа келтіру және бақылау үшін кететін уақыт өте аз, барлығын қолмен жазу деген мүлдем жоқ. Өз кезегінде бұл мүмкіншілік зертханалық кластарға түсетін жүктемені азайтып, көп келетін курстарға, көптеген студенттерге осы жүйені қолдануға болатынын дәлелдейді.

Басқарылуы. LAB-TUTOR-SERVER сервері орталықтандырылған жүйелік компьютермен студенттер мен курстар санына қарамастан басқарылады. Басқару компьютеріне студенттер тізімін, белгілі курс немесе алдын ала анықталған тізім бойынша эксперименттің қажет жиынтығын таңдауға және компьютердегі кез келген тәжірибені жаңартуға болады.

Ерекшеліктері мен артықшылықтары.

- Қолдануға ыңғайлы интерфейс және нақты сол уақыт тәртібіндегі деректер тіркелген эксперименттерді пайдалануға дайындығы;
- Ыңғайлы бір серверді пайдалану көмегімен әртүрлі курстарды құруы және оларды басқаруы;
- Класта немесе кластан тыс сараптама өткізу мен есеп жазуды таңдау мүмкіндігі;
- Дайындық кезеңіне кететін уақыттың аздығы, қағаз жүзінде басқарылмауы зертханалық жұмыстың дер кезінде кешікпей жүргізілуі;

-Орталықтандырылған бір компьютер көмегімен зертханадағы әр компьютерде эксперименттердің жаңартылып басқарылуы;

- LABAUTHOR қосымшасы жетектеуімен эксперименттердің мазмұндарын ыңғайлау [8];



- LAB-TUTOR эксперименттердің тұрақты түрде кеңейтілген кітапханасына еркін кіру мүмкіндігі.


LAB-TUTOR-SERVER курсын басқару және орталықтандырылып игерілуі. LAB-TUTOR-SERVER курсты тікелей және орталықтандырылған басқаруды жеңілдетеді. Бірнеше курстарды орнықтырып, басқаруға, әріптестерді басқарушы немесе курстың инструкторы қылып тағайындауға, техникалық бөлімге хабарласпай ақ студенттердің жұмыс кезіндегі іс-әрекетін, олардың мәліметтерін тексеріп қадағалауға болады.

LABAUTHOR LAB-TUTOR-мен бірге оқу жоспарының талабына сай, зертханалық класс мүмкіншілігі мен студенттердің қабілеттеріне байланысты бағдарламалық қамтуда ыңғайлы эксперименттер құруға мүмкіндік жасайды.

LAB-TUTOR-SERVER – орталықтандырылған интерфейс басқару. LAB-TUTOR-Suite студенттер ақпараттары мен көптеген курстарды жеңіл басқаруға әкеледі. Бір компьютерден ADinstruments Software Database деректер базасынан эксперименттерді салуға, құруға және жаңартуға оңай болады. LABAUTHOR арқылы экспериментті өзгертуге болады. Экспериментті жаңарту үшін бір компьютерден екінші компьютерге барудың қажеті жоқ. LAB-TUTOR-SERVER серверінде барлық эксперименттер мәліметтері бір жерде, бір базада сақталған және оған кез келген уақытта қолжетімді.

LAB-TUTOR-4 – студенттерге арналған жаңа интерфейс-интербелсенді оқыту-студенттерге мәліметтерді жазуға және сараптама жасауға жағдай жасайды. Өрбір эксперимент ғылыми кіріспе бөлімнен, эксперименттің сатылық хаттамасынан, деректерді тіркеуден, мәліметтерді жинақтап сараптама жасаудан және есептен тұрады [8].

Студенттерді тәжірибе барысында логикалық ой-



лау мен клиникалық шешім қабылдауға, өз бетімен тұжырым жасауға да қалыптастырып, үлкен ықпалын тигізеді. Медициналық білім берудегі негізгі міндет – бәсекелестікке төтеп беретін, жан-жақты терең білімді және тәжірибе мен теорияны ұштастыра отырып, заманауи ақпараттық кеңістікте тез икемделетін маман-дәрігерлер даярлайды. Сондықтан, бірлескен ақпараттық-коммуникативтік және педагогикалық технологияларды пайдалана отырып, адам ағзасындағы барлық қызметтер механизмін физиологиялық тұрғыдан талдауға мүмкіндік береді [5,7].

Студенттер қызығушылық танытып, зертханалық жұмыстарға үлкен ынтымақпен, дайындықпен қатысады. Мысалы: 2017-2018 оқу жылының көктемгі семестрін 1-курс «Жалпы медицина» факультетінің студенттері «Бұлшық ет физиологиясы» тақырыбы бойынша бағдарламаға сәйкес зертханалық жұмыстан бастап, барлық сатылар бойынша эксперимент жасап, тиісті қорытындысын берді. Бұлшық ет тіндерінің қалыпты жағдайда, жүктеме кезінде және қозу кезіндегі өзгерістерін анықтап, графикалық кестемен есептеу арқылы бұлшық ет биопотенциалдарына сипаттама берді. Нәтижесінде зерттелушіге денсаулықты сақтау мақсатында жеке іс-шараларды орындауға кеңес беріледі.

Түйін. Онлайн-тәртібі мен сервері бар LAB-TUTOR-4 Teaching Suite практикалық сабақтардың

лабораториялық жұмыстарын жүргізуде уақытты, қажет болатын заттарды үнемдеп, оқытудың сапалы жоғары деңгейде өтуін қамтамасыз ететін күрделі цифрлық құрылғыны пайдалану арқылы студенттердің сапалы білім алуына, оны ғылыми тұрғыдан ұштастыра білуге, тәжірибеде терең анализ жасауға үйрететін зертхана. Кафедрада күнделікті қолдана отырып, бұл бағдарламаның басқа да зерттеулерін терең игеру жоспарланған.

Алдағы уақытта кафедрада әрбір курс студенттерінің сабақ жоспарына байланысты жасаған зерттеулерін жинақтап, ғылыми тұрғыдан салыстырмалы анализ жасай отырып мақала жазу көзделіп отыр. Кафедрада мұндай зертхананың болуы аса қуантатын жағдай: ол білім беру бағдарламасының талабына сай заманауи құралдармен біздің университет басшыларының өзіне қарасты құрылымдық бөлімдерді дер кезінде жабдықтап үлкен қолдау көрсеткенінің және біздің студенттердің білім деңгейі басқа да медициналық білім беретін жоғары оқу орындарынан ешбір артта қалмай алға басып келе жатқанының куәсі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 2007 ж. 27-шілде № 319; 2017ж.08-желтоқсан, өзгерістер мен толықтырулар.
2. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері.

РЕЗЮМЕ

Ж.А. АЙБАСОВА, А.Т. КАЛДЫБАЕВА,
Р.Е. НУРГАЛИЕВА, М.Ж. АЛЬМАХАНОВА,
Ф.К. БАЛМАГАМБЕТОВА

ПРИМЕНЕНИЕ СОВРЕМЕННОЙ ИННОВАЦИОННОЙ ТЕХНОЛОГИИ «ЛАБ-ТУТОР» В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ

Западно-Казахстанский государственный
медицинский университет имени Марата Оспанова,
Актобе, Қазақстан

LAB-TUTOR-4 - сложное цифровое устройство с онлайн-заказами и серверами, обеспечивающее высококачественное обучение, позволяет студентам приобретать качественные знания, сочетать их с научными знаниями, использовать современное цифровое оборудование, которое помогает им проводить время, выполняя лабораторные работы и поддерживая высокое качество обучения.

Ключевые слова: инновация, Лаб-Тутор, исследование, интерфейс, современная инновационная технология, научное мировоззрение.

3. А.: Білім 2008;
3. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. Қазақстан мектебі, 2008;4.
4. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. А.: Өркен 2007;
5. Койков, В.В., Дербисалина, Г.А. Роль research-based learning в подготовке инновационно-активных специалистов системы здравоохранения. Денсаулық сақтауды дамыту журналы 2012;4(65):
6. Темирова, Г.А., Турганбаева А.У., Калдыбаева А.Т. Инновационные аспекты преподавания гистологии в интеграции с медбиофизикой и физиологией. Батыс Казакстан медицина журналы 2013; 37(1):322-324.
7. Калдыбаева А.Т., Нургалиева Р.Е., Балмагамбетова Ф.К., Альмаханова М.Ж., Аманжолқызы А. «RBL әдісі және оның қалыпты физиология кафедрасының оқу процесінде қолданылуы» М.Оспанов атындағы БҚММУ 60 жылдығына арналған «Медицина Білімі мен ғылымындағы интеграция, серіктестік және инновация» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Серия конференции ЗКГМУ имени Марата Оспанова 2017;1:54-56.
8. АДInstruments.com.OOO «Нейроботикс» Руководство по применению.

SUMMARY

ZH.A. AIBASSOVA, A.T. KALDYBAYEVA,
R.YE. NURGALIYEVA, M.ZH. ALMAKHANOVA,
F.K. BALMAGAMBETOVA

APPLICATION OF MODERN INNOVATIVE TECHNOLOGY-LAB-TUTOR IN THE TEACHING PROCESS

West Kazakhstan Marat Ospanov
State Medical University
Aktobe Kazakhstan

The online and server hub is a complex digital device. It allows to integrate the study of laboratory work in practical exercises, to reduce time and to improve learning outcomes.

We developed a scientific approach and taught students to make in depth analysis in practice. It is planned to thoroughly study all the programs at the department.

In the future it is planned to collect and conduct a scientific analysis of all the works carried out by students who passed the training.

Keywords: Innovation, Lab-tutor, Laboratory, Interface, modern, technology, Biopotentials, scientific opinion.

Н.А. АЛМАГАМБЕТОВА

ВОЗМОЖНОСТИ И ЭФФЕКТИВНОСТЬ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ В РАМКАХ МЕДИЦИНСКОГО ДОДИПЛОМНОГО И ПОСТДИПЛОМНОГО НЕПРЕРЫВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Северный Иллинойский Университет, Иллинойс, США

Дистанционное обучение посредством интернета обретает все большую популярность во всем мире. Исследования показывают, что качество онлайн- классов и результаты обучения не отличаются от таковых традиционного обучения, а иногда и превосходят их. Преимущества дистанционного обучения очевидны и для обучающего учреждения, и для обучающегося.

В сфере же медицинского образования до сих пор существует мнение, что дистанционное обучение неприемлемо для медицинских вузов. Однако в этом формате могут преподаваться многие теоретические предметы, предусмотренные программой медицинской школы. Для клинических предметов подходит вариант гибридных классов, в которых от 30 до 79% материала может изучаться в онлайн- режиме, а остальное – в традиционном.

Дистанционные классы также могут широко использоваться в сертификационных программах для студентов и практических врачей и на курсах повышения квалификации.

Ключевые слова: медицинское образование, дистанционное обучение, непрерывное обучение, сертификационные программы.

Дистанционное обучение посредством интернета широко практикуется во всем мире в течение более 40 лет, представляя все более популярную и эффективную альтернативу как традиционной очной, так и заочной формам обучения по многим специальностям. Это комплекс образовательных услуг, предоставляемых с помощью специализированной информационно-образовательной среды на расстоянии от обучающих учреждений. В настоящее время более девяноста процентов университетов США предлагают онлайн-классы. Около трети студентов США берут хотя бы один онлайн-класс, а более 14% студентов получают дипломы полностью онлайн программ. Ежегодный прирост числа онлайн-студентов в последнее время превышает рост числа традиционных студентов. Так, например, в 2015 году прирост онлайн- студентов составил 3,9%, в то время, как количество традиционных студентов снизилось на 5% [1].

Несмотря на до сих пор появляющиеся дискуссии о качестве дистанционного образования, исследования показывают, что разница в знаниях в результате традиционного и дистанционного обучения отсутствует [2].

Преимущества дистанционного обучения очевидны и для обучающего учреждения, и для обучающегося. Для университета это, прежде всего, экономическая эффективность: отсутствие необходимости предоставления учебных комнат, более гибкое учебное расписание, постоянное и быстрое обновление учебно-методических материалов. Преимущества онлайн-обучения для студентов выражаются в доступности обучения независимо от места проживания и загруз-

женности работой или семейными обязательствами (60% онлайн-студентов работают на полную ставку [2]); социальном равноправии (онлайн- обучение несколько дешевле традиционного); гибкости учебного расписания; доступе к мировым литературным и научным источникам и свежим учебно-методическим материалам; экономической эффективности вследствие отсутствия необходимости использования транспорта, проживания в другом городе и пропуска работы; отсутствию определенных психологических барьеров, ощущаемых некоторыми студентами в традиционном классе. К тому же исследования показали, что процент учащихся, не бросающих учебу, выше среди студентов, обучающихся дистанционно. Это, вероятно, связано с более развитой внутренней мотивацией и дисциплиной тех студентов, которые предпочли дистанционное обучение традиционному.

Медицинское образование, в котором важным ключевым моментом являются практические навыки и работа с больными, долгое время находилось в стороне от этих общих тенденций в системе образования. До сих пор многие придерживаются мнения, что дистанционное обучение неприемлемо для медицинских вузов. Конечно, «чисто» дистанционные классы, в которых более восьмидесяти процентов материала преподается с использованием интернета, могут быть применены не для всех предметов. Однако существуют гибридные формы дистанционного обучения, при которых от 30 до 79% материала может изучаться в онлайн-режиме, а остальное – в традиционном. Такие гибридные классы по клиническим предметам, в ко-

торых очень важен аспект работы студента у постели больного, могли бы намного повысить эффективность использования классного времени, позволяя уделять больше внимания практическим навыкам. Перевод в формат дистанционного обучения таких специальностей и предметов, как например, общественное здравоохранение, эпидемиология, гигиена, политика и менеджмент здравоохранения и ряда других теоретических и фундаментальных наук, был бы очень закономерным. В 2012 году в России дистанционное обучение в медицинском образовании было закреплено на законодательном уровне.

В большинстве университетов за рубежом, наряду со своей непосредственной специальностью, студенты имеют возможность получить в течение процесса обучения в университете дополнительные сертификаты по тем отраслям деятельности, которыми они хотели бы заниматься в будущем. Обучение на сертификат обычно представляет собой комбинацию пяти-шести наиболее значимых и углубленных для той или иной специализации предметов, которые студент должен пройти дополнительно к своей программе. Например, в департаменте общественного здравоохранения такими специализациями для студентов-медиков могут быть управление и менеджмент в больницах, управление кадрами в здравоохранении, здоровый образ жизни, геронтология, методы научных исследований, экономика и финансы в здравоохранении, анализ политики здравоохранения и другие. В современных условиях, когда рыночные отношения все глубже внедряются в сферу медицинских услуг, администраторы медицинских учреждений обязаны обладать знаниями и навыками по управлению, менеджменту и финансам. Дистанционные классы предоставляют студентам-медикам превосходную возможность получения образования в процессе обучения в университете не только по своей специальности, но и по вопросам управления, менеджмента, организации здравоохранения и другим

смежным отраслям. Это обеспечит студенту большую конкурентоспособность при устройстве на работу. Такие сертификаты могут быть востребованы и практикующими врачами, планирующими переход от лечебной деятельности к административной, и, кроме того, могут обеспечить дополнительный приток средств университету.

Дистанционное обучение является не только эффективной системой подготовки специалистов, но и очень эффективно для непрерывного поддержания их высокого квалификационного уровня. В современных условиях знания устаревают очень быстро. Дистанционные курсы повышения квалификации дают возможность врачам постоянно обновлять знания без отрыва от производства и семьи. Это также выгодно и медицинским учреждениям, которые, во-первых, не лишаются специалиста на все время его учебы, а во-вторых, стоимость таких курсов значительно ниже, чем традиционных с отрывом от производства.

Дистанционное обучение все более прочно входит в учебные программы университетов всего мира. Так как введение онлайн-классов в недалеком будущем неизбежно, и университет вынужден будет вводить их в расписание, лучше как можно раньше «занять» эту пока пустующую нишу на рынке образования с целью повышения конкурентоспособности университета. Учебные заведения, занявшие эту нишу на ранних этапах этого процесса, окажутся в большем выигрыше.

Список литературы:

1. Schaffhauser D. On-campus enrollment shrinks while online continues its ascent. <https://campustechnology.com/articles/2017/05/02/on-campus-enrollment-shrinks-while-online-continues-its-ascent.aspx>
2. 2015 online report card – tracking online education in the United States. <https://onlinelearningconsortium.org/read/online-report-card-tracking-online-education-united-states-2015>

ТҮЙІН

Н.А. АЛМАГАМБЕТОВА

**ДИПЛОМҒА ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ
ДИПЛОМНАН КЕЙІНГІ
МЕДИЦИНАЛЫҚ ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ
ШЕҢБЕРІНДЕ ҚАШЫҚТЫҚТАН
ОҚЫТУ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН
ТИІМДІЛІГІ**

Солтүстік Иллинойс университеті, Иллинойс, АҚШ

Ғаламтордың көмегімен қашықтықтан оқыту дүние жүзінде үлкен орын алып келеді. Зерттеулер онлайн кластардың дәстүрлі оқытудан айтарлықтай айырмашылығының жоқтығын, тіпті кей кездері асып түсетіндігін көрсетті. Оқыту мекемесі үшін де, оқушы үшін де қашықтықтан оқытудың басымдықтары айқын.

Медицина білімі саласында қашықтықтан оқыту медициналық жоғары оқу орындары үшін қисынсыз деген пікір бар. Алайда, бұл форматта медициналық мектептің алдын ала қарастырылған бағдарламасымен көптеген теориялық пәндерді оқытуға болады. Клиникалық пәндер үшін материалының 30%-дан 79%-ға дейінгі онлайн режимде, ал қалғаны дәстүрлі оқылатын гибриді кластар нұсқасы сәйкес келеді.

Сонымен қатар қашықтық кластары студенттер мен тәжірибелік дәрігерлерге арналған сертификаттық бағдарламаларда және біліктілік арттыру курстарында кең қолданылады.

***Негізгі сөздер:** медициналық білім, қашықтықтан оқыту, үздіксіз білім беру, сертификаттық бағдарламалар.*

УДК 378.016

МРНТИ 14.35.07

А.С. АЛМАГАМБЕТОВА, С.С. КУРМАНГАЛИЕВА, Д.С. ДИЛЬМАГАМБЕТОВ,
Л.Н. ВЛАСОВА, Е.М. ИЗТЛЕУОВ

**ПРАКТИЧЕСКАЯ ПОДГОТОВКА В ФОРМИРОВАНИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ
КОМПЕТЕНЦИЙ ВЫПУСКНИКОВ**

Западно-Казахстанский государственный медицинский университет имени Марата Оспанова,
Актобе, Казахстан

Исследования, проведенные среди выпускников медицинских вузов, показывают, что при их трудоустройстве важную роль играет практическая подготовка, обеспечивающая связь теоретического обучения с клинической деятельностью. С целью анализа удовлетворенности работодателей качеством теоретической и практической подготовки выпускников Западно-Казахстанского государственного медицинского университета имени Марата Оспанова были выборочно проанкетированы представители практического здравоохранения из девяноста лечебно-профилактических учреждений четырех областей Западного Казахстана (Актюбинской, Западно-Казахстанской, Атырауской и Мангистауской), Кызылординской и Костанайской областей. В целом процент удовлетворенности опрошенных работодателей качеством подготовки специалистов составил 87,9%. С целью оптимизации качества

SUMMARY

N. ALMAGAMBETOVA

**POSSIBILITIES AND EFFECTIVENESS
OF DISTANCE EDUCATION IN MEDICAL
GRADUATE AND POSTGRADUATE
CONTINUOUS EDUCATION**

Northern Illinois University, IL, USA

Distance learning via the Internet is gaining popularity all over the world. Studies show that the quality of online classes and learning outcomes do not differ from those of traditional classes, and sometimes exceed them. The advantages of distance learning are obvious for both the training institution and students.

In the field of medical education, it is still believed that distance education is non-suitable for medical universities. However, many theoretical subjects in the medical school curriculum can be taught in this format. For clinical subjects, a variant of hybrid classes is suitable, in which from 30 to 79% of the material can be studied online, and the rest - in the traditional format. Distance classes can also be widely used in the certification programs both for students and practitioners, and also for the advanced medical training.

***Keywords:** medical education, distance education, continuous education, certificate programs.*

показателя трудоустройства выпускников необходимо проведение производственной практики обучающихся во время бакалавриата и выездных практик, во время интернатуры по месту их последующего трудоустройства; проведение встреч выпускников с представителями практического здравоохранения; мотивация выпускников мерами социальной поддержки со стороны акиматов областных и районных уровней.

Ключевые слова: *практическая подготовка, профессиональные компетенции, уровень удовлетворенности работодателей.*

Актуальность. В настоящее время в Казахстане идет обновление и модернизация системы медицинского образования, ориентированной на вхождение в мировое образовательное пространство. Приоритетным направлением в обучении будущих врачей остается компетентностный подход. Востребованность данного метода обусловлена, прежде всего, необходимостью развития кадрового потенциала страны, повышением качества подготовки специалистов, удовлетворением потребностей практического здравоохранения конкурентоспособными специалистами, перспективами свободной интеграции специалистов в мировое и международное пространство [1]. Оптимизация процесса оказания медицинских услуг гражданам Казахстана в системе практического здравоохранения также требует совершенствования подготовки высококвалифицированных врачей. Современному обществу нужны выпускники, способные практически решать встающие перед ними жизненные и профессиональные проблемы. Однако, как показывает практика, большая доля жалоб пациентов отражает невысокий профессионализм наших коллег, связанный с недостаточно высокой профессиональной компетентностью молодых врачей и низким уровнем владения навыком клинического мышления. Эти проблемы увеличиваются, несмотря на прогрессивные методики преподавания и новейшее оборудование в виде тренажеров и симуляторов, применяемых в образовательном процессе. Главный «источник» профессиональных проблем нередко не недостаток знаний, а неправильное их применение [2]. Поэтому для успешной профессиональной деятельности и адаптации в обществе выпускникам медицинского вуза сегодня недостаточно получить высшее образование, им необходимы ключевые компетенции, такие как инициатива, сотрудничество, способность к работе в группе, коммуникативные способности, умение учиться, оценивать, логически мыслить, отбирать и использовать информацию. Для развития этих компетенций необходимо серьезное обновление и совершенствование образовательных методов, предусматривающих внедрение инновационных технологий в образовательную среду [3]. Таким образом, совершенствование медицинского образования, повышение качества подготовки специалистов и их конкурентоспособности - важнейшее требование сегодняшнего

дня. Исследования, проведенные среди выпускников медицинских вузов, показывают, что при их трудоустройстве важную роль играет практическая подготовка, обеспечивающая связь теоретического обучения с клинической деятельностью.

Таблица 1. Распределение времени и вопросов по вводной теме по философии

Системы образования	Линейная (традиционная) система	Кредитная система	
		Практическое занятие	Самостоятельная работа обучающихся с преподавателем (СРОП)
Формы уроков	Семинарское занятие	Практическое занятие	Самостоятельная работа обучающихся с преподавателем (СРОП)
Вопросы темы	Предмет, назначение и функции философии. 1. Философия как разновидность мировоззрения. 2. Специфика философского знания. 3. Основной вопрос и основные направления философии 4. Предмет, методы и функции философии.	Философия: особенности, объект и предмет 1. Философия как форма мировоззрения. 2. С п е ц и ф и к а философского знания: ее объект и предмет. 3. Основной вопрос философии.	Философия как наука и учебная дисциплина 1. Основные методы исследования философии. 2. Функции философии. 3. Основные направления и структура философии.
Отведенное время	3 часа (150 минут)	1 час (50 минут)	3 часа (150 минут)

практике знания и способности понимания, то есть, сможет ли студент не только знать, но и понимать сущность своего ответа; способность к вынесению суждений, оценке идей и формулированию выводов – правильно ли предоставляет свои суждения и может формулировать выводы; - умения в области общения (коммуникативные навыки) – может ли правильно излагать и провести дискуссию культурно, толерантно, рационально используя время.

При рассмотрении третьего вопроса темы «Основные направления и структура философии» можно подвести итоги всех рассмотренных проблем как и на практическом, так и на СРОП с помощью заполнения таблицы.

Таблица 2. Основные направления философии

Направления философского знания	Предмет исследования и изучения
Аксиология	
Эстетика	
Этика	
Логика	
Социальная философия	
Философия истории	
Антропология	
Философия права	
Философия отдельных отраслей	

Часто применяемый на традиционных методах обучения массовый опрос и коллективная дискуссия уже теряет свою роль, на их место приходят новые приемы коллективного обсуждения. Да, работа с конкретными задачами иногда не развивает разговорную речь, культуру изложения, не дает возможность развитию правильной речи. Но хороший педагог использует вместе с письменными работами и устные ответы, используя задания типа «Выразите свое суждение», «Объясните причину», «Перечислите», «Раскройте сущность и смысл, содержание» и другие. Можно использовать задания как «Приведите контрагумент», «Продолжите мысль», «Задавайте друг-другу вопросы» и т.д.

Итог занятия можно оценить как оценкой устных ответов заполненных таблиц, так и тестовых заданий. В конце занятия предлагается использовать обратную связь в виде вопросов по теме, которые может сформулировать каждый педагог на свое рассмотрение, так и в виде вопросов оценки и уровнем удовлетворения

проведенным занятием.

Таким образом, рассматривая на конкретном примере одной темы в сравнительном измерении практического занятия и СРОП, мы попытались дать разъяснения некоторым вопросам, которые кажутся непонятными, а в некоторых случаях ненужными отдельным педагогам. В мировой практике, да и в наших некоторых отечественных вузах, данная форма урока является внеаудиторным занятием, как часы для консультации студентов. Но в нашем медицинском образовании СРОП все еще рассматривается как аудиторное задание. Это связано с функциональными и специфическими особенностями медицинского образования, где самостоятельное изучение может дать свои не полностью эффективные, порою и негативные последствия [4].

На самом же деле, есть различные методики и методология обучения. В образовательной сфере нет идеальных методов и приемов обучения, отсюда у любого из них есть свои недостатки. Для педагога любого уровня обучения является важным то, какими методами он владеет в совершенстве. Главной целью является достижение успехов в деле обучения подрастающего поколения, то есть в формировании конкурентоспособного специалиста. Для этого мы должны понимать и использовать как и традиционные, так и современные методы обучения, понимая их различия и общие цели в диалектическом измерении. Необходимыми качествами для педагога современного периода является склонность к новаторству, адаптированность новым веяниям времени, подготовка и воспитание специалистов соответствующих мировым стандартам по своей квалификации и образованию, умение мыслить диалектически.

Список литературы:

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. - Астана, 7 декабря 2010 года.
2. Болонский процесс. Глоссарий. Официальный сайт <http://joitquality.org>.
3. Тайжанов А.Т., Шамши Б.И., Ергалиев М. Проблемы внедрения кредитной системы в Западно-Казахстанском государственном медицинском университете имени Марата Оспанова. Батыс Қазақстан медицина журналы 2017;2(54):75-81.
4. Тайжанов А.Т., Шәмші Б.И. Білім берудің кредиттік жүйесіне көшу: ерекшеліктері және қазіргі жағдайы. Педагогикалық шолу. 2016;1:7-10.

ТҮЙІН

А.Т. ТАЙЖАНОВ, Б.И. ШӘМШИ,
С.С. КУМЫСПАЕВ

**ФИЛОСОФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ
ОҚЫТУШЫНЫҢ ЖЕТЕКШІЛІГІМЕН
БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ӨТКІЗІЛЕТІН
ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТЫҢ РОЛІ**

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік медицина университеті,
Ақтөбе, Қазақстан

Мақалада медициналық оқу орындарында философия пәнін меңгерудегі оқытушының жетекшілігімен білім алушыларға өткізілетін өзіндік жұмыстың ролі және маңызы қарастырылған. Сонымен бірге тек пәннің курстық бағдарламасымен шектеліп қана қоймай, студенттердің ой-өрісін, ойлау қабілеттерін дамытуға негізделген тапсырмалар мысалдары келтірілген, философия пәнін оқытудағы оқытушының жетекшілігімен білім алушылармен бірлесе өткізілетін өзіндік жұмыстардың Дублин дескрипторларының негізіндегі құзыреттіліктердің орны көрсетілген. Философиялық білімнің мазмұнын дұрыс түсіну және терең игерудегі жағдаятты тапсырмалардың маңызы айқындалған.

Негізгі сөздер: философия, ғылым, білім, әдістеме, Дублин дескрипторлары.

SUMMARY

A.T. TAIZHANOV, B.I. SHAMSHI,
S.S. KUMYSPAYEV

**THE ROLE OF INDIVIDUAL WORK OF
LEARNERS UNDER THE SUPERVISION
OF TEACHERS IN THE STUDY OF
PHILOSOPHY: METHODOLOGICAL
ASPECTS**

West Kazakhstan Marat Ospanov
State Medical University,
Aktobe, Kazakhstan

The main mission of philosophical education for students of nonphilosophical specialties is the formation of skills of independent and rational thinking. When teaching philosophy to form critical thinking skills, its study can really become a factor in personal development. With this in mind, the article examines the role and importance of independent work with the teacher in the study of philosophy, gives concrete examples intended for a correct understanding of philosophy as a single discipline based on competence within the Dublin descriptors. The importance of using situational tasks in the correct and profound mastery of philosophical knowledge is also determined. The problems and perspectives of the teaching of philosophy in a medical college are analyzed, taking into account the transition to the credit system of education. Different methodological approaches to philosophical education are characterized.

Keywords: philosophy, science, methodology, Dublin descriptors, independent work of students with the teacher, situational tasks.

ӘОЖ 61: 378.147

МРНТИ 14.35.07, 76.13.33

Б. ТУСУПКАЛИЕВ, А.К. ЖУМАЛИНА, Б.А. ЖЕКЕЕВА

**«СИМУЛЯЦИЛЫҚ ОҚЫТУ» – МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖОО-ДА МАМАН
ДАЙЫНДАУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІНІҢ БІРІ**

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті,
Ақтөбе, Қазақстан

Әсерлілеу және нәтижелі болып келетін интерактивті оқыту мен бақылауға ерекше көңіл аудару керек. Дегенмен олар, жоғарғы курстарда және жоғарғы оқу орындарынан кейінгі дайындықтардың әртүрлі сатыларының маңызды бөлігін құрайтын, аурудың керуетінің маңында клиникалық дайындық жүргізуге және емтихан қабылдауға қарсы қойылмауы керек. Оларды тек тиімді қосарлау ғана медициналық жоғары оқу орындарының түлектерінің дайындық деңгейін артырып, медицина мекемелерін жоғары мамандандырылған мамандармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қазіргі кезде біздің кафедрада (№1 балалар аурулары неонатологиямен кафедрасы-жетекшісі проф. А.К.Жумалина) «Стандартталған науқас» оқыту тәсілі қолданылып отыр.

Негізгі сөздер: симуляциялық оқыту, оқытудың жаңа технологиясы, стандартталған науқас.

Симуляциялық оқыту – кәсіби оқытудың міндетті компоненті, кәсіби стандарттар және/немесе бұйрықтарға (ережелер) сәйкес оның кәсіби қызметін немесе элементті орындауға, әрбір студенттің кәсіби қызметінің моделін қолдану. МакGагі (1999) «тұлғаға, құрылғы немесе шарттар тізімі, ол шынайы нақты өзекті мәселені қайта симуляциялауға мүмкіндік береді. Студент немесе білім алушы нақты өмірдегідей осы мәселеге жауап беруі тиіс» деп сипаттайды [1].

Симуляциялық оқыту арнайы оқытылған қызметкер-нұсқаушылармен (жаттықтырушы-мұғалімдер және оқыту шеберлері), тәжірибелік мамандармен (сарапшылар) бірге инженерлік-техникалық қызметтер және материалдық шығындарды азайту мақсатында түрлі жоспарлар құру, әдістемелік жұмысты жүргізу, сонымен қатар техникалық жұмысшыларды (техниктер мен инженерлер) қауіпсіз жағдайда оқытуды (бағдарламалық қамтамасыз ету, компьютерлер, тренажерлар, симуляторлар, фантомдармен, модельдер және кәсіби құрал-жабдықтар) ұйымдастыру мен қолдау [2].

Симуляциялық оқыту дұрыс жұмыс істесе, барлық денсаулық сақтауға қатысушылар өз мақсаттарына жете алады [3,4]:

- Мемлекет (Денсаулық сақтау министрлігі) – жас мамандарды даярлау сапасын және тәжірибелік мамандардың жұмысының сапасын бақылауды арттыру. Сонымен қатар, мемлекет келесі ұрпақты оқыту үшін жұмсалатын жинақтарды, дайындалу үшін уақытты, сондай-ақ медициналық көмек сапасын арттыру есебінен үнемдеуді күтуге болады.
 - Жұмыс берушілер – кәсіби қателер санының азаюы, жұмысшылары үшін қауіп тобының төмендеуі және өз мекемесінің беделінің көтерілуі.
 - Денсаулық сақтау мамандары – жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес мамандыққа тез ену.
 - Науқастар – оларға медициналық көмек көрсету кезіндегі қауіпсіздік пен сапа.
- Денсаулық сақтау жүйесінің қатысушылары:
- Мемлекет
 - Жұмыс берушілер
 - Денсаулық сақтау қызметкерлері

Жұмыс мақсаты. Басқа медициналық жоғары оқу орындарының және біздің университеттің клиникалық кафедраларымен тәжірибе алмасу.

Зерттеудің материалдары мен әдістері. Қол жетімді баспалардағы осы әдіс бойынша мәліметтерді жинап, солардың негізінде әдістемелік нұсқау құрастырылды. Симуляциялық оқыту-кәсіби оқытудың міндетті компоненті, кәсіби стандарттар және/немесе бұйрықтарға (ережелерге) сәйкес оның кәсіби қызметін немесе элементті орындауға, әрбір студенттің кәсіби қызметінің модулін қарастыру екендігіне көз жеткізілді. Стимуляциялық оқыту ұстанымдары, оқыту тәсілдері құрастырылып, стандартталған науқасқа арналған нұсқау, студентке

(тәлімгерге) арналған нұсқау, кері байланыс және басқа сатылары жасалды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Қазіргі кездегі медициналық мамандарды дайындаудың сапасын арттыру әртүрлі жолдармен жүргізіледі. Осы мәселелерді шешуге көмектесетін құралдардың бірі – тиімді тренинг жасап, педагогикалық бақылаудың объективті түрлерін енгізуге мүмкіндік беретін имитациялық оқыту болса керек. Симуляциялық әдістердің көмегімен арқылы объективті бағалауды қолдануы компетенттік көзқарасты іске асырудың прагматикалық идеяны іске асыру жолы болып келеді. Оқу орнының аса маңызды міндеттерінің бірі, ол түлектердің дайындығының денсаулық сақтау органдарының талабына дайындық дәрежесін бағалау болып келеді. Тренинг – бұл сабақтың аралас түрде өтіп, бір мезгілде екі тәсіл арқылы игеру: ол білім алушыны ақпараттандыру және тапсырмаларды орындау. Басқа әдіс-тәсілдерге қарағанда тренингтің түбегейлі айырмашылығы:

1. Оқуға деген қабілетін дамыту
2. Нақты қызмет түрлерін қалыптастыру
3. Қарым-қатынас процесі кезінде бұл нысандардың тиімді ықпал етуі

Осының бәрі жүзеге асу үшін тренингтің басқа оқыту әдістерінен ерекшелетін үш негізгі шарты бар:

- Білім алушылардың кәсіби әрекеттерді немесе оның бір бөлігін өз бетімен (дербес) орындай (жиі бірнеше рет) алуы.
- Оқушының жауапкершілігінің нәтижесі, әрбір тапсырманың дұрыс орындалуын, сарапшылар арқылы кері байланыспен, бақылау жасау

Алдына қойылған мақсатты орындау үшін өз бетімен орындаған әрекеттердің нәтижелерін талдау.

Тренинг, оқытушылармен (жаттықтырушы-сарапшы) және басқа оқушылармен арнайы ұйымдастырылған интерактивті қатынас барысында, «жаңа» білім іздеу және жеке басының қателерін жою сияқты әрекеттерге негізделген. Кәсіби компетенция және жеке тұлғалық тренингтер деп екіге бөледі.

Науқастарды ойнауға (көрсетуге) үйретілген адамдарды 40 жыл бойы әртүрлі атаған. 1960 жылдардың басында оларды бағдарландырылған (программаланған) науқастар деп атаған (programmed patients), 1970 жылдары оларды симуляцияланған науқастар (simulated patients) деп атаған.

Медициналық оқу орындарында студенттерді бағалау мақсатында оларды стандартталған науқастар (standardised patients) деп, *қысқаша* SP деп атаған.

Оқытушылар үшін SP-ті қолдану клиникалық оқуды бақылауға көмектесіп және науқастардың график бойынша қол жетімді болуына мүмкіндік береді. Бұдан бөлек SP-ні қолдану:

- Әр уақытта, әр жерде – ыңғайлы және қолжетімді;
- Сенімді – науқастар стандартталған және қайталап көрсетуге дайын болады;
- Нақтылы – шынайы науқастарға ұқсас келеді;
- Бақылауға болады-оқытушылар оқу мақсаттарына

- сәйкестендіре алады;
- Шынайы-оқытушылар психо-әлеуметтік мәселерді клиникалық жағдайларға интеграциялай (енгізе) алады;
- Түзетуге қабілетті – студент бірден (тез арада) кері жауап (реакция) ала алады;
- Тәжірибелілік (тәжірибеге бағытталған) – студент тәжірибеде инвазивті тәсілдерге (сүт бездерін және жамбасішілік органдарды тексереді) машықтанады.
- Қайталанады – студент, өзі дербес орындауға дайын емес, клиникалық жағдайды бірнеше рет қайталай алады;
- Өлшемелі – студенттердің нәтижелерін салыстыруға болады;
- Қауіпсіз – науқастарға ыңғайсыздық, жайсыздық тудырмайды және шынайы науқастарға мүмкін болатын қауіп келтірмейді;
- Тиімді – қысқа бекітілген уақыт ішінде үздіксіз тәжірибе жинауға мүмкіндік береді және медициналық ЖОО оқытушыларының салмақ мөлшерін қысқартады;

Әлем бойынша көптеген медициналық мектептерде SP қолданылады, сонымен қатар денсаулық сақтау ұйымының басқа да білім беру бағдарламалары, соның ішінде фармация, медбикелік, стоматология мамандықтары да бар. Науқаспен қарым-қатынастағы медициналық топтың әрбір мүшесі SP жұмыс істеуден үлкен пайда алады және науқастармен шынайы түрде жұмыс істеуіне баға бере алады.

SP бастапқы курс студенттері, шынайы науқаспен кездесу үшін, анамнез жинау және клиникалық қарауды үйренуде өте маңызды болып келеді. Медициналық оқу орындарының студенттерінде шынайы науқаспен қарым-қатырнас жасау тәжірибесі жетіспейді. SP қатысуымен клиникалық жағдайдың шынайы сценарийін игере отырып, оқытушылар студенттердің жаңа білімдердерін тәжірибеде қалай орыдайтынын бағалауға мүмкіндік алады. SP пайдалана отырып, студенттер науқастың анамнезін жинауға және физикалық тексеруді құрылымдық және тиімділік қағидасы деңгейінде жүргізуге үйренеді. Студенттер медициналық, хирургиялық және әлеуметтік анамнездер бойынша тұрақты сұрақтар қойып үйренеді.

Сондай-ақ SP жоғары курс студенттеріне мазмұнды оқу жоспары мен тәжірибесіне дағдысын интеграциялауға көмектеседі.

SP медициналық мекемелерде әртүрлі орындар алады. Олар медбикелер, дәрігерлер, көмекші мамандардың және/немесе науқастың достары және отбасы мүшелерінің ролін ойнай алады (Monaghan, 1997). Көптеген науқастар аруханаға/емханаға жалғыз келмейді. Бұндай жағдай, әсіресе балаларға арналған ауруханаларда байқалады. Егер науқастар және олардың отбасы мүшелеріне көмек көрсету туралы сөз қылсақ, қарау бөлмесінде адам көп болады. SP әдісін жоғары дәлдікпен симуляциямен манекенмен қоса

қолдану сценарийдің шынайылығын жоғарылатады, ал стандартталған симуляция оны көптеген студенттерге көрнекі (қайталап көрсету) қылады. Манекен қолданып симуляциялауға SP-ны қосу кейбір мәселелік сұрақтарды қарастыруды талап етеді, бұл - оқып жүрген адамға эмоционалды әсер ету және SP студенттерге көрсете алатын қайта байланысу түрлері. Манекен қолданып симуляция жасау көп жағдайда шұғыл жағдайлар мен медициналық бригаданың жасайтын іс-әрекеттерін көрсетуге қолданылады. Күйзелістік жағдайларда SP-ны қосу топ оқушыларын толық, кешендік қарастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, күйзелістік жағдайда топқа жаман хабарды отбасына жеткізудің қажет болуы. Сонымен оқытудың тек қана топ ішінде емес отбасымен де байланыстылығы оқудың тұтастылығын көрсетеді.

Гибридті симуляцияны қолданудың тағы бір тәсілі – студенттер тәжірибеде клиникалық манипуляция ретінде пайдаланып, науқаспен сөйлесуді үйрену үшін SP-мен тренажерды қосып, (Kneebone, 2002) пайдалану. Бұл технологияны қолданғанда тренажер SP денесінің жалғасы сияқты болуы керек. Мысалы, SP-ның жамбас мүшелерін немесе катетеризация жүргізу үшін тренажердың арт жағына отырады, сосын модель SP-ға бекітіледі. Сосын студент процедураны жасай отырып, шын жағдайдағы сияқты науқаспен сөйлесіп отырады. Басқа гибридті симуляцияда симулирленген теріні SP қолына немесе аяғына бекіту арқылы жараны немесе инфекцияны өңдей білуді үйренеді. SP байқаусыздан ине шаншу немесе басқа жарақат алудың, барлық процесті ұқыпты қарау, арқылы алдын алуға болады. Егер ЖОО-да SP-ны қолдану бағдарламасы жоқ болса, студенттерді анамнез жинай алуға, науқас пен оның отбасы мүшелерімен сұхбаттасуға және науқасты тексеру дағдыларына машықтануға, шаршамай, шалдықпай көп уақыт бөлу қажет. Бұл сонымен қатар студентті клиникалық ойлауға, барлық нозология бойынша, диагностикадан емдеу мен бақылауға дейін оқып білуге үйретеді. Бұның барлығына 2 ай немесе жылдар орнына 2 сағат немесе 2 апта ғана қажет болады.

SP-да табысты адам табу оңай емес, ол үшін қиялды қосу қажет. SP бағдарламаларының көпшілігі сенімді жақсы дайындалған топты бірте-бірте қалыптастырады. Жұмыстың бір бөлігі оқу процесі болып табылады, сол үшін ақылды және түсінетін адамдарды таңдап алу қажет. Бұған ЖОО-ға қатысы жоқ адамдарды тарту студенттер үшін үздік түрде шынайы жағдайды тудыруға мүмкіндік береді. Егер студенттер SP-мен таныс болса, әріптесі немесе жұмыстағы хатшысы болса, олар симуляцияны шындық деп қабылдамайды. Адамдар медициналық жұмыскер болмаса, тіпті медициналық білімі болмаса да, олар науқастарды бейнелеуге тез үйренеді. Достар, көршілер, отбасы мүшелері, бағдарламалардың табысты болуына мүдделі, әдетте, SP-ны таңдаудың жақсы көзі болып табылады. Барлық медициналық ЖОО-ларында студенттердің өздерін стандартталған

науқастар болуға тартады. Бұл ең дұрыс шешім емес, алайда актерлерді жалдау қаржылық тұрғыдан өте тиімді әдіс емес. Сондықтан неғұрлым тиімді жағдайды іздеуге тура келеді. Алайда, бұл жағдайда физикалық зерттеу кезінде мәселер туындайды, өйткені студенттерге этикалық тұрғыдан жұмыс істеу мүмкін емес. Барлық жағдайларда стандартталған науқас ретінде ер жынысты студенттерді іздестіру әрқашан мүмкін емес, содан кейін егер топтағы бір студент ер жынысты болса, оғанда дағдыны игеру қажет. Зейнетке шыққан оқытушылар, зейнеткерлер үздік SP болып болып табылады, өйткені оқыту мақсаттарын жақсы түсінеді. Басқа сенімді SP-ға жанұяның басшысы, медициналық емес ЖОО студенттері, сауықтыру клубы адамдары, мұғалімдер, қызмет көрсетуші жұмысшылар мен актерлер жатады.

SP ретінде актерлерді таңдағанда өте мұқият болу қажет. Бұл жұмыс олардың өз қалауларынсыз және мақтауға тұрмайды, бұл тек қатаң оқу процесі үшін қажет. SP үшін актерлерді жалдағанда олардың бұл рөл театрдағыдай емес, бұл тек оқыту саласында ғана қолданылатын әдіс екенін түсінулері керек.

Оған шамамен 2 апта қалғанда бірінші жаттығу жоспарын құру керек. SP-ке қайталамалы оқыту семинарлары керек деп саналады, бірінші жағдаймен таныстыру, оны көрсету керек және қойылымда SP білім беруші ролінде болады. Бірінші сабақта SP-ке жұмысы және оның ролі туралы қысқаша нұсқау беріледі. Сабақ барысында SP ақпаратты аз-аздан алу керек. SP-тің өзінің батырын қалай елестететінін және пациент туралы не білетінін жазуды ұсыныңыз; бұл оның клиникалық жағдай туралы білімін бекітуге арналған жақсы әдіс болып табылады. Бірінші сабақтан кейін SP-ке материалдарды өзі оқып үйренуге бірнеше күн беріледі.

Келесі сабақ клиникалық жағдайға қатысы бар кез келген сұраққа жауап беруден және SP-ті жағдайдың басқа да оқыту компоненттерімен, мысалы, бақылау карталары мен қайта байланыстыру процесімен, таныстырудан тұрады. Содан соң SP-ті клиникалық жағдайдың бір бөлімі болып табылатын физикалық ортамен таныстырыңыз. SP-ті студенттермен кездесуге арналған орынмен танысуға мүмкіндік беріңіз (қайда болу және қайдан кіріп/шығуы керек). SP-ті бақылау картасының әр тарауын талдауға көмектесіңіз. SP дайын болғасын автор немесе оқытушы бақылауымен кездесуді ойнап, көрсетіп беруі керек. Екінші жаттығу кезінде SP-ке нақты барлығын үйренуге қанша уақыт керек болса, сонша уақыт дайындалады.

Үшінші және төртінші сабақтарда SP науқасты шынайы ойнағанша қайталайды.

Қорытынды ойнау (немесе репетиция) кезінде оқытушы кездесу кезінде студент позициясынан қарап, қажет болса клиникалық жағдайға аздаған түзетулер енгізуіне болады. Дайындыққа клиникалық жағдай авторын және жағдайды білмейтін жоғарғы курс студентін шақыруға болады, ол арқылы оқыту немесе тексеру кезінде қалай болатынын көруге болады.

Бұндай дайындық сонымен қатар оқытушыларға бақылау картасын қайта қарастыруға керек болса студенттермен кездесу алдында түзетулер енгізуге мүмкіндік береді. Аудио/видео (A/B) жазылымдарды қарау SP-ке клиникалық жағдайды ойнауда ілгері басуын нақтылауға көмектеседі. SP/студенттермен кездесу A/B жазылымдарын қарау осы әдісті әсерлі етеді. Оқытушылар жазылымдарды өздеріне сәйкес кестемен қарауларына болады. Студенттер өздерінің кездесулерін қарап, ойланып, өздерін бағалай алады. Сонымен, естеріңізде болсын SP оқытудың негізгі мақсаты – SP өте жақсы үйреніп шығу, тіптен тәжірибесі мол клиницисттің өзі де симуляция екенін байқай алмай қалғаны дұрыс.

Студенттер әрбір оқыту деңгейлерінде уақытымен және конструктивті бағалар алып отыруы тиіс. Жақсы дайындалған SP өзінің әңгіме барысындағы жағдайынан бөлек жақсы бағаға ие болады.

«Мынаны жасағанда, мен мынадай сезімде болдым» («When you did this, I felt this») үлгісін қолданғанда студенттің медициналық білімі емес коммуникациялық дәрежесі бағаланады. Келесі мысалды келтіруге болады: «Сіз бөлмеге мені тексеру үшін кіріп, менің есімімді ұмытып қалғаныңызда, менің ашуым келді». Физикалық зерттеу қаншалықты сезілді және оның қаншалықты науқаспен тілдесе алатындығын пациенттің ерекше позициясын SP студентке көрсете алады. Бұл әдістерді дайындық барысында қолдану SP студенттің бағалау қабілетін жетілдіруге және оны кез келген студентпен тілдесуде қолдана алуына жәрдемдеседі. «Қорытындыны талқылау» үрдісі оқытушы көмегімен студенттерге рефлексия, қорытындылау және SP-пен байланыстырып талқылауға көмектеседі. Оқытушы немесе даярланған куратор үрдісті басқарып сұрақ қоя отырып, бағалауы немесе мәлімет беріп отыруы қажет. Үйрету жағдайларының бастапқы кезеңінде көбісінде қорытындыны талқылау арқылы бағыт береміз, себебі жағдай жаңа кезінде айқын баптарын көрсетуге мүмкіндік туады.

«Стандартталған пациент» әдістемесі бойынша студенттің өзіндік жұмысын бағалау оңай жұмыс емес. Бірнеше әдіс бар, әрқайсысының өзінің артықшылығы мен кемшіліктері бар. Жұмысымызда біз қарапайым әрі тиімді әдісті қолдануға тырысамыз. Бағаның бірінші нұсқасы – «емтихандық». Бағалаудың бұл түрі егер пациентпен жұмыс сатысы клиникалық пәндік емтихан құрамына кірсе қолданылады. Экзаменатор студенттің пациенттен анамнез жинау және объективті тексеру кезіндегі оның қимылдарын видеомонитормен бақылау арқылы бағалайды. Бұл әдіс кездейсоқ қателіктерді болдырмау, студенттің білімін анықтау, пациентпен жұмыс кезіндегі тәжірибелік іс-қимылдарды игеруге үйретеді. Бұл әдістің негізгі кемшілігі – бір емтихан тапсырушыға көп уақыттың кетуі. Сондықтан күнделікті жұмыста, оқу процесі кезінде студенттің жұмысын бағалаудың басқа түрі қолданылады – рейтингтік бағалау. Бұл әдістің мақсаты – сарапшы,

актер және мұғалім қоятын қорытынды баға – бірнеше субъективті бағалардан шығады. Осы арқылы білім алушының білімі мен қабілетінің объективтілігі көрінеді. Оқу циклін өту барысында, топтағы жұмысқа белсенді қатысып, талқылауға араласу барысында студент өзінің қоржынына балл (ұпай) жинайды.

Бағалау келесідей есептеледі: бірінші күні топтағы біріккен жұмыс арқылы студенттегі бар білімді ояту, пациентпен өзіндік жұмыстағы негізгі қателіктерді тауып және барлығына бірдей талап қою арқылы. Студент бірінші күннен белсенді жұмыс жасап, сол арқылы барлық цикл кезінде өзіндік жұмыстың толық алгоритмін алады, ол студентке өткізілген жұмысына керекті қорытынды балл жинауына ықпал етеді. Циклдің екінші күнінен бастап, студенттің өзіндік жұмысы жанжақты және жеке бағаланады. Қорытындының объективтілігі мен дәлелдігі үшін оны мұғалім, аноним сарапшы (осы топтың ішінен мұғалім таңдайды) мен пациенттің рөлін сомдауға дайындалған актер жүргізеді. Студенттің жұмысының сапасын бағалау «анамнез жинау», «объективті тексеру жүргізу», «деонтологиялық дағды» бөлімдеріндегі іс-қимылдарына қарап бағаланады.

Соңғы қорытынды бөлімде студент мұғалімге өзінің клиникалық жұмысын қорғайды. Сонымен қатар, зерттеу жүргізу кезіндегі жіберілген қателіктерге қарамастан, студент мұғаліммен ауызша диалогта өзінің шешімі мен қорытындысын айтуға мүмкіндігі бар. Талқылауға логиканың қосылуы жалпы білім мен емдік бағдарлама және диагностикалық негізділік студентке қосымша балдар алуға және өзінің қорытынды бағасын жоғарылатуға мүмкіндік береді. «Стандартталған пациент» әдістемесі бойынша студентті бағалау критерийін аяқтай отырып және оның әдістемелік бағытын ескере отырып, келесіні айта кету керек: студент жақсы баға алуындағы шешуші критерий – студенттің барлық сабақтарға қатысуы, цикл кезінде белсенді жұмысы. Бірінші сабақты өткізіп алуы – тәжірибесінің көрсетілуі сияқты, студенттің циклдегі екінші, үшінші күндеріне дайындықтың төмен болуына әсер етеді. Келесі күндерді өткізіп алуы, тіпті біреуі болса да, қорытынды жақсы баға шығу үшін қажетті баллды жинауға мүмкіндік бермейді. Және тағы бір тәжірибелік кеңес. Осы әдіс арқылы жұмыс үшін өз жұмысына белгілі бір төлемақы алатын тәжірибелі актерлар қызығады. Сондықтан қалған күндерді өтеу, соның ішінде актерлердың

уақытына өтеуі бұл студенттің өзіне финанстық шығын әкеледі. Жоғарыда айтылғандардың бәрінен ең басты тәжірибелік қорытынды – жетістік, соның ішінде «Стандартталған пациент» әдісі бойынша оқуды пайдалануда, сабақтарды жібермейтін және циклдегі барлық сабақта белсенді жұмыс жасайтын студент жақсы баға алады.

Қорытынды. Жоғарғы оқу орнында болашақ дәрігерді дайындауда ең негізгі мәселе студенттердің тәжірибелік дағдысының және икемінің төмен дәрежеде болуы. Жоғарғы медицина мекемесін бітіргендер тіпті қосымша жоғары білім алғаннан кейінде (резидентура) дәрігерлік біліктілікті қолында дипломы, маман сертификаты бола тұра өзінің жұмыс орнында үйренуге мәжбүр. Бұл жағдайда бас дәрігердің және жас маманның өзінің көңілінің толмауы түсінікті. Осылайша, қазіргі денсаулық сақтау саласындағы өзекті проблемалардың төңірегінде медициналық жоғарғы оқу орындарындағы студенттердің білімінің сапасын арттыруды ғана емес, сонымен қатар, оқу-әдістемелік процестің құрылымына жаңашылдықты енгізу қажет екендігі анықталып отыр. Интерактивті оқыту және бақылауға көп көңіл аудару қажет. Бірақ бұл шаралар жоғарғы курста маңызды оқыту бөлігі болып табылатын клиникалық дайындыққа қарсы болмауы қажет. Тек олардың сәйкес біріктірілуі жоғарғы медициналық оқу орындарының түлектерінің білімін жоғарылатады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аканов А.А., Хамзина Н.К., Ахметов В.И. и др. КазНМУ на пути инновационных преобразований - 2010
2. Ахметов К.Ж., Векленко Г.В., Смагулова Г.А. ОСКЭ как метод контроля практических навыков студентов по пропедевтике внутренних болезней. Учебно-методическое пособие. Актобе, 2014;184.
3. Булатов С.А., Пальмова Л.Ю. Методика стандартизированного пациента как этап формирования клинического мышления у будущего врача. Вестник современной клинической медицины 2009;2(4):33-35.
4. Курманғалиев К.Б., Дильмагамбетов Д.С., Курманғалиева С.С., Алиев О.М., Алкенова Н.У. Повышение уровня профессионального мастерства обучающихся методом «Стандартизированный пациент», Вестник КазНМУ 2015;3:429-421.

РЕЗЮМЕ

Б. ТУСУПКАЛИЕВ, А.К. ЖУМАЛИНА,
Б.А. ЖЕКЕЕВА

**«СИМУЛЯЦИОННОЕ ОБУЧЕНИЕ» –
ОДИН ИЗ ЭФФЕКТИВНЫХ МЕТОДОВ
ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ В
МЕДВУЗАХ**

Западно-Казахстанский государственный
медицинский университет имени Марата Оспанова,
Актөбе, Казахстан

Особое внимание следует уделять методам интерактивного обучения и контроля, которые являются наиболее действенными и результативными в учебном процессе. В то же время они ни в коей мере не должны быть противопоставлены этапам клинической подготовки и экзаменации у постели больного, составляющими важную часть обучения как на старших курсах, так и на этапах послевузовской подготовки. Только их адекватное сочетание способно реально повысить образовательный уровень выпускников высших медицинских заведений, а практическое здравоохранение обеспечить высококвалифицированными специалистами. В настоящее время на нашей кафедре (кафедра детских болезней №1 с неонатологией – руководитель проф. А.К. Жумалина) и многих других кафедрах ЗКГМУ им. Марата Оспанова внедрена методика «Стандартизированный пациент».

Ключевые слова: симуляционное обучение, новая образовательная технология, симуляционный пациент.

ӘӨЖ 378.147.88:616-036.22

МРНТИ 14.35.07, 76.33.43

К.Ш. ТУСУПКАЛИЕВА, С.Т. УРАЗАЕВА, А.Ж. МҰРЗАГАЛИЕВА, Г.Ж. НҰРМАҒАНБЕТОВА

**ЭПИДЕМИОЛОГТЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК ДАҒДЫЛАРЫН МЕНҒЕРУДЕГІ
КҰРСТЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ МАҢЫЗЫ**

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті,
Ақтөбе, Қазақстан

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетінің «Қоғамдық денсаулық сақтау» факультетінің эпидемиология кафедрасында «Эпидемиология» пәні бойынша курстық жұмыстың білім алушылардың оқу мен өз білімін жетілдіру нәтижесінде алынған теориялық білімді тереңдетіп жаңартуға және дамытуға үлес қосатыны туралы айтылады. Білім алушы курстық жұмыстың сапасына, оның қорытындылары мен безендіру мәдениетіне өзі жауап береді. Бұл курстық жұмысқа студенттен үлкен жауапкершілікпен қарауды талап етеді.

Негізгі сөздер: эпидемиолог, курстық жұмыс, оқу-ғылыми зерттеу, талдау.

SUMMARY

B. TUSSUPKALIYEV, A.K. ZHUMALINA,
B.A. ZHEKEYEVA

**“SIMULATION TRAINING” - ONE OF EF-
FECTIVE METHODS OF TRAINING SPE-
CIALISTS IN MEDICAL UNIVERSITIES**

West Kazakhstan Marat Ospanov
State Medical University,
Aktobe, Kazakhstan

Particular attention should be paid to the methods of interactive training and control, which are the most effective. At the same time, they should in no way be contrasted with the stages of clinical preparation and examination at the patient's bed, which constitute an important part of the training both at senior courses and at the stages of post-graduate training. Only their adequate combination can really raise the educational level of graduates of higher medical institutions, and provide practical health care with highly qualified specialists. Currently, at our department (Department of Children's Diseases №1 with neonatology - the head of Prof. AK Zhumalina) and many other chairs of the West Kazakhstan Marat Ospanov State Medical University introduced the standardized patient method.

Keywords: simulation training, new educational technology, simulation patient.

Бүгінгі күнгі мамандар үлкен ізденуді қажет ететін, тез өзгермелі тапсырмаларды шешуге тиіс. Сол себепті жоғарғы мектеп маманды жәй ғана дайындап қоймай, шығармашылық тұлғаны қалыптастыруы тиіс. Осындай көзқараспен ЖОО-дағы жұмысты жақсартудың жалпы жолының – оқытудың ақпаратты түрінен студенттердің қабілетін анықтайтын және олардың дамуын басқаратын басқармалы түріне ауыстырумен тығыз байланысты.

ЖОО-дағы типтік оқу бағдарламасына сәйкес Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетінің «Қоғамдық денсаулық сақтау» факультетінің эпидемиология кафедрасында «Эпидемиология» пәні 4-курста оқытылады және емтихан тапсырумен аяқталады. Эпидемиология пәні бойынша курстық жұмыс жасалады: ол эпидемиологиялық әдістерді меңгеру және оларды практикада қолдану мүмкіндіктері туралы бейне қалыптастыруға, профилактикалық процесті ұйымдастыру туралы сұрақтарды оқуға эпидемиологиялық зерттеу жүргізудің ережелері мен принциптеріне, эпидемиологиялық диагнозды қоюға және эпидемиологиялық қорытынды жасауға дайындауға бағытталған. Жалпы эпидемиологиялық зерттеу жүргізудің негіздерін меңгеру нәтижесі эпидемиологиялық бағдардағы мамандарға эпидемиологиялық зерттеу жүргізуді дұрыс ұйымдастыруға және кәсіби қызметінің сапасын арттыруға әкелетін тәжірибелік практикада әртүрлі эпидемиологиялық зерттеу әдістерін тиімді қолдануға мүмкіндік береді (1-сурет).

Қазақстандық ЖОО-дағы тәжірибе (Астана медицина университеті, С. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық мемлекеттік медицина университеті, Семей мемлекеттік медицина университеті, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина академиясы, Қарағанды мемлекеттік медицина университеті) эпи-

демиологиялық денсаулық қорғау аймағындағы мамандардың кәсіби қызметінің объектеріне сәйкес курстық жұмыстардың бар екенін көрсетеді. ЖОО-да оқу кезеңі кезінде студент жүзеге асыратын мәнжазба, баяндама, курстық жұмыстар негізгі ғылыми зерттеулер болып табылады. Білім алушы осы өзіндік жұмыстардың формасын орындағанда өзінің әдебиет іздеу, оны конспектілеу, талдау және жинақталған материалдарды жалпылау, жоспар құру, ғылыми зерттеуді құрау, жұмысты безендіру қабілетін көрсетеді. «Эпидемиология» пәні бойынша курстық жұмыстарды студенттермен дайындау практикасын енгізу, сонымен қатар студенттің өзіндік жұмысында үлкен рөл алатын оқу сағатының кейбір санының азаюы және зерттелетін материал көлемінің үлкеюімен байланысты талдау қызығушылық тудырады. Курстық жұмыстың жұқпалы аурулар бойынша тақырыптары толық зерттеу мен көңіл бөлуді қажет етеді, олар курстық жұмыс жазу кезінде негізгі бағыттар болып табылады.

Курстық жұмыс – сауатты шығармашылық көзқарас пен ұқыпты безендіруді қажет ететін оқу-ғылыми зерттеу. Курстық жұмыстың мақсаты – оқу мен өз білімін жетілдіру нәтижесінде алынған теориялық білімді тереңдетіп жаңарту және дамыту. Курстық жұмыс оқу пәнінің әдістемелік және теориялық талабына негізделуі, ішінде жаңартылған элементтері болуы қажет. Оның ішінде студенттің өзінің қарапайым болса да өз ойы болуы керек, және де студенттің ұсыныстары жасар алдындағы тапсырмасын шешудегі оң тиімді әдіс бойынша қалыптасу керек.

Курстық жұмысты жазу процесінде келесі мәселелер шешілуі қажет:

- жұмыс тақырыбын ашу үшін зерттеуге қажет мәліметтерді жалпылау мен талдауды, студенттің өзіндік жұмысын жинақтауды дамыту;
- ой-өрісін ретімен қалыптастыра білуді және



Сурет 1. Курстық жұмысты түсіндіру



Сурет 2. Студенттің курстық жұмысты игеруі

пікірін мен қорытындыларын дәлелді жеткізіп, көпшіліктің алдында оларды қорғай білу;

- өзіндік жұмысқа әдістік, әдіснамалық дайындықты қалыптастыру.

Студент курстық жұмыстың зерттеу сапасына, оның қорытындылары мен безендіру мәдениетіне өзі жауап береді. «Эпидемиология» пәні бойынша курстық жұмыс дайындау барысында студент пәннің екі негізгі мақсатын игереді:

- эпидемиологиялық зерттеу жүргізу және ұйымдастырудың негізгі дағдыларын меңгереді;
- эпидемиологиялық зерттеу әдістері мен дағдыларды үйренуді қалыптастырады.

Бұдан басқа, курстық жұмыс білім алушылардың білімі мен дағдыларын, оқуы мен білімін бақылаудың маңызды нысаны болып табылады. Оқу жоспарына сәйкес студенттер курстық жұмысты оқытушының басшылығымен өздері жасайды. Жұмысты орындау студенттердің ойлану, шығармашылық қабілеттерін арттыруға, ғылыми және оқу әдебиеттерді іздеу, жүйелеу және жалпылауымен байланысты өзіндік жұмыстағы дағдылары меңгеруге мүмкіншілік береді. Зерттелетін ғылыми және тәжірибелік мәліметтерді заманауи ғылыми әдістермен игеруде оқу пәнінің бөлімдерін, тақырыптарын, қандай да бір сұрақтарын терең оқуға оларды талдауға сын көзбен бағалауды қалыптастыруға ынталандырады.

Жақсы орындалған курстық жұмыс студенттің мынадай қабілеттері туралы мәлімдейді:

- мәселені анық қалыптастыру және оның өзектілік дәрежесін бағалау;
- алға қойылған тапсырмаларды шешудегі таңдалған әдістерін негіздеу;
- әдебиеттер немесе басқа ақпаратты - анықтама мәліметтерімен өз бетімен жұмыс жасау;
- қажетті эмпириялық мәлімет жинау, түсіндіре отырып талдау, оларды өңдеу, сонымен бірге деректерді графикалық немесе басқа түрде формада көрнекілеу;
- негізделген шешім жасау, практикалық ұсыныс беру;
- өздерінің ойларын ғылыми тұрғыда сауатты жеткізу, жұмысты дұрыс безендіру (2-сурет).

Жоғарыда мазмұндаулармен баяндалғандай, «Эпидемиология» пәні бойынша қоғамдық денсаулық сақтау факультетіндегі студенттерге курстық жұмыс дайындауын енгізіп, оны оқу үлгерімі журналында жеке бағалау керек деп есептейміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әміреев С.Ә., Темірбеков Ж.Т. Жалпы эпидемиология – оқу құралы. Алматы 2012;147-149.
2. Жалпы эпидемиология дәлелді медицина негіздерімен – оқу құралы. Редакциясын басқарғандар РФА академигі В.И. Покровский, қазақ тіліне аударған және жауапты редакторы Н. Жайыкбаев, жалпы редакциясын басқарған С.Ә. Әміреев. М. 2015;37-39.

РЕЗЮМЕ

К.Ш. ТУСУПКАЛИЕВА, С.Т. УРАЗАЕВА,
А.Ж. МУРЗАГАЛИЕВА,
Г.Ж. НҰРМАҒАНБЕТОВА

РОЛЬ КУРСОВОЙ РАБОТЫ В ОСВОЕНИИ ПРАКТИЧЕСКИХ НАВЫКОВ ЭПИДЕМИОЛОГА

Западно-Казахстанский государственный
медицинский университет имени Марата Оспанова,
Актобе, Казахстан

Выполнение курсовой работы по изучению динамики инфекционных заболеваний – это учебно - научное исследование, предполагающее творческий подход к проработке его содержания, тщательность и грамотность оформления.

Ключевые слова: эпидемиолог, курсовая работа, учебно-научное исследование, анализ.

SUMMARY

K.SH. TUSSUPKALIYEVA, S.T. URAZAYEVA,
A.ZH. MURZAGALIYEVA,
G.ZH. NURMAGANBETOVA

THE ROLE OF COURSE WORK IN DE- VELOPING PRACTICAL SKILLS OF EPIDEMIOLOGIST

West Kazakhstan Marat Ospanov
State Medical University,
Aktobe, Kazakhstan

The article provides that the course work for studying dynamics of infectious diseases is an educational and scientific research, which presumes creativity of the contest, accuracy and literacy.

Keywords: epidemiologist, course work, educational and scientific research, analysis.

УДК 614.253:616-053.2/.5
МРНТИ 76.29.47, 76.75.27

Ж.С. УМАРОВА, Б.Т. САПАРОВА

ЭТИКА И ДЕОНТОЛОГИЯ В РЕАЛИЗАЦИИ СТРАТЕГИИ ИНТЕГРИРОВАННОГО ВЕДЕНИЯ БОЛЕЗНЕЙ ДЕТСКОГО ВОЗРАСТА

Западно-Казахстанский государственный медицинский университет имени Марата Оспанова,
Актобе, Казахстан

Деонтология – наука о моральном облике и нравственности медицинского работника. Врачу доверяется самое драгоценное – жизнь и здоровье людей. Это делает профессию врача не только востребованной и достойной уважения, но и предельно ответственной. Врачебная мораль имеет свои нормы, заповеди, кодексы, принципы и правила. Подготовка специалиста по самой гуманной профессии – врачебной – исключительно сложный процесс. Этика как наука изучает особенности врачебной морали и специфику в условиях практической деятельности. Определенный свод или кодекс главных норм профессиональной морали врачей представляет клятва выпускников медицинского вуза. Поэтому вопросы деонтологии должны быть органично вплетены в учебный процесс всех обучающих кафедр вуза, начиная с первого курса вплоть до субординатуры, интернатуры и резидентуры. Медицинский вуз призван воспитывать специалиста, который обладал бы высокими нравственными принципами и профессиональной этикой. В достижении этой цели преподавательский состав клинических кафедр вуза играет особую роль.

Ключевые слова: этика и деонтология, интегрированное ведение болезней детского возраста, интерактивное занятие, алгоритмы, эмоции.

Актуальность. По плану обучения в университете студент медицинского вуза на младших курсах изучает общие вопросы деонтологии в теоретическом плане, далее, на старших курсах, обучаясь на клинических кафедрах, совершенствует на практике умения выполнения деонтологических правил и норм.

Существуют три основные стороны взаимоотношений врача: с больным и его родственниками, с коллегами и с обществом в целом. Отношения врача к больному должны строиться на искреннем желании оказать ему необходимую помощь, внимательном, сдержанном и благожелательном отношении, уважении к больному как личности с человеческими достоинствами. Врач должен быть всегда принципиальным и правдивым и одновременно корректным и милосердным.

Нельзя отрицать, что многое в воспитании студентов зависит от личностных качеств и нравственного облика преподавателя. Поэтому личность педагога в деонтологическом отношении должна быть безупречной. Преподаватель своим личным поведением, внешним обликом, манерой, речью должен служить примером для студента, соблюдать этические принципы в обращении со студентами, подчиненными, медицинским персоналом и коллегами по работе. У студента необходимо воспитывать чувство самоанализа и самокритики, умение осознавать и принимать допущенные в процессе работы ошибки. Постоянное расширение кругозора, критическое

восприятие научной информации, способность делать объективные выводы из нее и из своего опыта определяют умственную культуру врача в целом.

Студент, оказывая помощь больному, должен помнить, что интересы больного превыше всего. У будущего врача необходимо воспитывать наблюдательность и умение анализировать, сопоставлять и делать выводы из отдельных явлений [2]. Логическое мышление – необходимая составная часть диагноза. Развивается оно в ходе дискуссий, клинических разборов больных, докладов о дежурстве в стационаре, разборе сложных психологических ситуаций, возникающих в ходе работы врача, а также при решении специально созданных ситуационных задач методом ПБЛ и СВЛ, деловых и ролевых интерактивных игр и упражнений по коммуникативным навыкам и навыкам деонтологии.

Цель исследования. Выявление уровня владения навыками этики и деонтологии студентами 4-го курса факультета «Общая медицина» на практическом занятии по стратегии Интегрированного ведения болезней детского возраста.

Материалы и методы исследования. На курсе детских инфекций успешно реализуется обучение стратегии Интегрированного ведения болезней детского возраста (ИВБДВ) [1]. Показательным в этом плане являются занятия по ИВБДВ, проводимые на курсе детских инфекций. Занятия проводятся в интерактивном режиме с применением клинических

руководств, алгоритмов, цветных буклетов и фотоальбомов, оценочных листов практических навыков, а также демонстрацией видеофильма по отдельным проблемам детей в возрасте от 2-х месяцев до 5-ти лет. Студенты 4-го курса факультета «Общая медицина» проходят цикл по детским инфекциям. В план занятия входит обязательное упражнение по курации больных детей, согласно алгоритмам ИВБДВ, в ходе выполнения которого выявляется уровень владения навыками этики и деонтологии [1,2].

Результаты исследования. Согласно рекомендациям ВОЗ, при осмотре и определении тяжести состояния детей по заданным алгоритмам ИВБДВ важным и основополагающим моментом работы является постоянное и непрерывное поощрение матери [3]. С момента первого контакта рекомендуется вежливое обращение с обязательным поощрением матери за ранее обращение, ее доверие, оказанное врачу. Врач должен уверить маму о своей готовности помочь больному ребенку. Обязательным моментом осмотра больного ребенка, согласно стратегии ИВБДВ, является соблюдение дистанции, создание комфортной зоны – обеспечение удобного расположения мамы с неизменным нахождением ребенка на руках у мамы. Не рекомендуется тесное приближение и необоснованный контакт с больным, отрыв ребенка от мамы, осмотр ребенка в отсутствии мамы, а также проведение осмотра без комментирования проводимых действий. Приветствуется постоянный зрительный контакт с мамой и самим ребенком в ходе осмотра. Врач должен быть спокоен и доброжелателен, проявление негативных эмоций недопустимо. Рекомендуется задавать корректные и ясно изложенные вопросы, разговаривая с мамой на понятном ей языке. Любой осмотр, включающий контакт с ребенком, должен быть заранее оговорен с мамой, с изложением цели данного осмотра. Если мама кормит ребенка грудью, ее необходимо непременно похвалить, поощряя продолжать кормить грудью, акцентируя преимущества грудного вскармливания. Все манипуляции, причиняющие боль и дискомфорт ребенку по стратегии ИВБДВ, сведены к нулю. Приветствуется вежливость, спокойный и располагающий тон беседы, умение отвлекать и успокоить ребенка.

Обсуждение полученных данных. В конце интерактивного занятия производится сбор обратной связи от студентов обучаемой группы, выслушивается мнение каждого о своевременности и правильности выполнения правил этики и деонтологии студентом, проводившим курацию больного. Сам студент делится своими ощущениями во время беседы с пациентом, какие трудности он испытывал при контакте и какие новые навыки взаимоотношений с пациентом он

приобрел при консультации больного. Положительным является то, что врач с навыками ИВБДВ, не теряя времени, в полной мере обладает способностью визуально быстро проводить оценку важных и опасных признаков заболевания у ребенка с целью оказания незамедлительной помощи ребенку в возрасте от 0 до 5 лет. Метод оценки состояния по ИВБДВ экономит время, силы и ресурсы. На каждом этапе работы со студентами строго учитывается и оценивается их отношение к пациентам, умение разговаривать с больным и его родственниками, устанавливать деловые и профессиональные контакты.

Выводы. Таким образом, обученные на курсе детских инфекций стратегии ИВБДВ студенты широко и активно внедряют и используют в повседневной практике методы ведения больных детей, согласно предлагаемым программой алгоритмам с обязательным соблюдением правил этики и деонтологии. Алгоритмы ведения детей с наиболее часто встречающимися проблемами у детей характеризуются удобством использования, оперативностью во времени, возможностью четкой и точной оценки тяжести состояния детей, интегрированным подходом к оценке различных проблем, одновременно диагностируемых у каждого из обследуемых детей. Занятие по ИВБДВ, проводимое в интерактивной форме, предполагающее активное участие всех студентов, позволяет за реальный промежуток времени во время курации больного у постели больного оценить навыки этики и деонтологии, нравственную сторону отношений между будущим врачом и больным. Занятия по стратегии ИВБДВ позволяют выработать такие важные психологические качества будущего врача как доброжелательность, вежливость, умение работать с детьми, гибкость, толерантность, эмпатию, последовательность и ответственность. Совершенствование личности врача продолжается всю жизнь на основе фундамента, заложенного в стенах медицинского вуза.

Список литературы:

1. Руководство «Интегрированное ведение болезней детского возраста. Оцените и классифицируйте ребенка в возрасте от 2 месяцев до 5 лет». ВОЗ, Юнисеф, 2000;157.
2. Карманный справочник «Оказание стационарной помощи детям». Руководство ВОЗ по ведению наиболее распространенных заболеваний в стационарах первичного уровня, адаптированные к условиям Республики Казахстан, ВОЗ 2006;378.
3. Буклет «Консультируйте мать». ВОЗ, Юнисеф 2002;28.
4. Беляев В.С. Медицинская этика и деонтология. Журнал «Экспериментальная и клиническая гастроэнтерология» 2012;109-110.

ТҮЙІН

Ж.С. УМАРОВА, Б.Т. САПАРОВА

**БАЛА ШАҚТАҒЫ АУРУЛАРДЫ
БІРЛЕСТІРЕ ЖҮРГІЗУ СТРАТЕГИЯСЫН
ІСКЕ АСЫРУДАҒЫ ЭТИКА ЖӘНЕ
ДЕОНТОЛОГИЯ**

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік медицина университеті,
Ақтөбе, Қазақстан

